



ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИСКУССТВ

Айлық журнал №26 (26) 23.12.2017 Ежемесіачный журнал

ШАБЫТ





Қазақтың жүрегі тоқтамасын, өнердің жүрегі тоқтамасын деп отырғаным сол. Өнерін өлтірін алған қазақ ел болып онбайды, елінен айнып қалған жүрек - жүрек боп соғып жарытпайды. Екеуі бөлінбес бір бүтін, тұтас дүние деп есептеймін. Ендеше, жүрегіміз тоқтамасын!

Әшірбек Сығай

Ағалар алқасы:

«Шабыт» журналының негізін қалаған:

Сығай Ә.Т. - Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері, профессор

Мұсаходжаева А.Қ. – Қазақстанның халық артисі, профессор

Дүйсекеев К.Д. – Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, профессор

Мұқанова Р.Қ. – Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, профессор

Мұқышева Н.Р. – өнертану ғылымдарының кандидаты, профессор

Юсупова А.К. – өнертану ғылымдарының кандидаты, доцент

Асылбекова А.М. – өнертану ғылымдарының кандидаты, доцент

Ескендиоров Н.Р. - PhD докторы

Редакция мүшелері:

Журналға жауапты: Кадыралиева А.О.

Бас редактор: Бақытбек Рухия

Редактор: Егеубаева Еңлік

Дизайнер: Токтар Жетпісбай

Фотограф: Мнейхан Есенбек

Тілшілер: Ризабек Арна

Рахметуллаева Илан

Отарбаева Айгерим

Жумадилова Малика

Жаркенова Жулдыз

Мұратбек Жақсылык

Редакцияның мекен-жайы:

Байланыс телефоны: 87074825011

Редакцияның басылым бөлімі

Мекен-жайымыз: Астана қаласы, Тәуелсіздік даңғылы 50, 2 кабат №237

E-mail: shabyt_zhurnal@mail.ru



Ғасыр жаңғырығы	2
Рухани кештің куәсі болдым	4
Кітап - өмір ұстазы	5
Өнердің өз адамы	8
Білім мен тәрбиенің бастауы – ұстаз қолында	12
Ес – аймақ	13
Дәстүрлі өншілік мектептерінің аймақтық ерекшеліктері	15
Жаңашылдыққа талпыныс.....	17
Өнер адамының бойынан ең бірінші ішкі жандүниесінің тазалығын іздеймін	18
Презентован первый казахстанский офисна American Film Market	21
NYFA и КазНУИ заключили соглашение о сотрудничестве	22
«20 жылдыққа – 20 сабақ».....	25
Үміт аренасы	27
Студенческий вечер в Доме студентов	29
Welcome to astana шабыт шақырады	30
Жаңа достар таптық.....	31
Әдеппен сөйлеп әдеттен.....	34
Шығыс Қазақстан өңірінің күйшілік дәстүрі	36
КҮЙШІ (Әбікен Хасенов).....	39
Кіл жүйрікте, кім жүйрік?	40



Атанғаным мырзатай - ел арқасы

10-бет



Дни культуры и кино Казахстана в Лос-Анджелесе

23-бет



Жүт

43-бет

Ғасыр жаңғырығы

Франция монархиядан республикалық басқаруға өткен күндерін ұлттық күнтізбесінде «Бастилияны азат ету күні!» деп ерекше ұлықтайды екен. Сол себепті, біз Алаш күнін немесе Алашорда күнін ұлттық мереке ретінде күнтізбеге қоссақ, Алаш мәртебесін одан сайын асқақтатқан болар едік...

2017 жыл қазақ тарихы үшін ең маңызды жыл болды. Себебі осыдан тура 100 жыл бұрын, яғни 1917 жылы 13 желтоқсанда «Уақытша Ұлттық Кеңес» атымен Алашорда партиясы құрылғаны барша қазаққа мәлім. 13 желтоқсан Қазақ тарихындағы айшықты, айрықша күн. Бәлкім Алашорда ұлттық автономиясының құрылған күні бүгінгі заман адамына аса маңызды емес шығар. Алайда, осындай бейбіт күнге жету үшін бар қажыр-қайратын салып, еріпбей еңбектеніп, қорықпай өз өмірін ажал тырнағына берін, елін қапастан құтқаруға әрекет жасаған ерлердің ісі қанша ғасыр өтсе де ұмытпай, ұрпақтың санасында сақталуы керек!



Алаш партиясының қазіргі замандағы тәуелсіз еліміздің мемлекет болып қалыптасуында зор маңызы бар. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін, төл тарихымызда жабық тақырыптарға жол ашылды. Әрине, бұл тақырыпта көптеген ғалымдар арнайы зерттеу жұмыстарын жүргізіп, біршама еңбектер жазды. Әлі де болса шынайы баға беріліп, тың деректерді қайта саралауды талап ететін мәселелер тарихшыларымыздың құзырына жататын төл міндеті.

1917 жылдың жазына қарай қазақтың демократ қозғалысының жетекшілерінің Уақытша үкіметке деген сенімі әлсіреді. Бұған басты себеп Уақытша үкімет Қазақстанда түрлі әлеуметтік-саяси мәселелер бойынша іс жүзінде құлатылған патша үкіметінің саясатын жүргізумен болды. Ә.Бөкейханов, М.Дулатов, М.Шоқай, Ж.Ақбаев сияқты қазақтың либералдық-демократиялық интеллигенцияның көсемдері басқарған «Алаш» партиясының құрамына әуел бастан-ақ қазақтың ғылыми және шығармашылық зиялыларының белгілі өкілдері - Ә.Ермеков, Ғ.Қарашев, М.Жұмабаев тағы басқалар кірді. Олардың басым көпшілігі 1917 жылдың жазында қалыптасқан жағдайда социалистік идеологияны, яғни таптық принциптерге негізделген күрес бағдарламасын қабылдаған жоқ. Өйткені «Алаш» партиясы қайраткерлерінің пікірінше сол кездегі қазақ қоғамы, тұтас алғанда, оған дайын емес еді. Отарлыққа қарсы күресе білген қайраткерлер қатарында А.Байтұрсынов, Халел және Жаһанша Досмұхамедовтер, М.Шоқай сынды ұлт ертеңі үшін тағдырын сынға, өмірін тәуекелге байлаған ұлт азаматтары болды. Астанасы ретінде қазіргі Семей қаласы таңдалған еді. Үкімет төрағалығына бірден үш адам ұсынылғанымен, көпшілік даусымен Әлихан Бөкейханов сайланады.

Біз атап жүрген ұлт зиялылары тәуелсіз Қазақстанның алдында қандай көрнекті қызметтер атқарды:

Біріншіден, олар қазақ халқының саяси ой-жүйесінде резананс жасады.

Екіншіден, ұлт санасын халықаралық, еуропалық деңгейге көтерді.

Үшіншіден, Отан үшін, қазақ халқы үшін өмірлерін қиды.

Төртіншіден, Ресей империясының территориясына күштеп енгізілген қазақ жерлерін жинап, тұтастандырып өзімізге қайтарды.

Бесіншіден, бірінші рет өркениетті түрде партия құрды.

Алтыншыдан, ұлтты ұйыстырды, елдік мүдде төңірегіне жинады.

Жетіншіден, заманына сай автономия формасында болса да, қазақ ұлттық мемлекеттігін қалпына келтірді.

1917 жылғы төңкерістен соң соққы жеп, сілесі қатқан Қазақ елі есін жия бастайды. Жаралы жанның есін жия бастағандағы бірінші үні- күрсіну болмақ. Осы жылдардағы «Оян, қазақ!», «Қырық мысал»



сынды елім, жұртым деген әдебиетіміз, сол күрсінү кезеңінде, қылышынан қан тамып тұрған солақай саясатқа қарсы жүріп, ерлік іс жасаған.

Қазір бәрімізге белгілі: Қазақстан тәуелсіздігін алғанға дейін кеңестік империя бұлардың аталған және басқа да ерліктерін бұрмалап, қылмысқа теңеді. Барлық еңбектерін жоққа шығарды. «Халық жауы» деп атып тастады. Қалдырған мұраларын халқымыздың санасынан өшіруге көп жұмыс жасады. Сол кездегі халықты басып-жаншу үшін сұм Сталин өзінің айлакерлігімен үкіметті құлатуға бар күшін салады. Үкіметті құруға атсалысқандарды кешіру туралы бұйрық бергенімен, кейін бәрін түгелдей қуғынға ұшыратады. Сол кездегі қараңғы халықтың саяси сауатсыздығын пайдаланған Кеңес үкіметінің жандайшаптары ағайын арасына от салып, Алашорда үкіметіне қарсы қойды. Ақырында сыртқы күштерінің әсерінен Алашорда үкіметі 1920 жылы күшпен таратылды.

Қорыта айтқанда, Алаш арыстары ғасырлық үлгі-өнеге ғана емес, ұлтпен мәңгі жасайтын, жаны мен арына медеу құбылыс иелері. Олар зиялылық пен ел алдындағы жауапкершіліктің эталонын қалыптастырды. Алдарында неше түрлі қорлық-құқай, отаршылдық-тоталитарлық жүйенің

қуғын-сүргіні мен абақтысы, қақ мандайға кезенген қаруы тұрғанын сезсе де, саналы түрде азды-көпті ғұмырларын ел тәуелсіздігіне арнады...

Мен олардың шынайы адамгершілігіне, рухани тазалығына, жауапкершілігіне, ұлтын сүйген жүректеріне, халқына деген адалдығына таңғаламын әрі оларды мақтан тұтамын. Алаш автономиясы өзінің қысқа ғұмырына қарамастан, XX ғасыр басында ұлттық мүддеге негізделіп құрылған және демократиялық бағыттағы алғашқы автономия болды. Осы орайда Қазақстан Республикасының Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Алаштың басты мақсаты қазақ қоғамын бірте-бірте өзгертіп, заманға бейімдеу еді. Бұл біздің қазіргі жедел жаңғыру, яғни модернизация бағытымызға сай келеді... Алаш арыстары бізге мемлекеттік идеясын ту етіп көтеруді табыстап кетті... Алаштың асыл аманаты бізге тарихи-мәдени бірегейлігімізге, қарапайым тілмен айтсақ, қазақы қалпымызды сақтауға міндеттейді», - деп Алаш қозғалысының басты қағидаттары қазіргі тәуелсіз Қазақстан даму бағыттарымен еш шүбәсіз, дәлме-дәл келетінін нақ атап көрсетті.

Қазақ халқының ұлт болып қалыптасуына, әдебиеті мен мәдениетіне зор үлес қосқан азаматтар мәңгілік тарихта қалады!

Тарихым сабақ болсын бүгінгіге,
Қараймыз имандыға, білімдіге.
Осынау дербестігім баянды боп,
Үскірік шалмаса екен бүрімді де!
Арманы орындалды ғасыр аттап,
Бақ келді, тәуелсіздік астыма Так.
Туым көк, тұғырым жер, Астанам нұр,
Жарқыра «АЛАШ» рухы асыл, әппак!

Рухия БАҚЫТБЕК
«Театртану» мамандығы 1 курс

Рухани кештің куәсі болдым



4

ұлттық арнасынан түсірілім тобы арнайы келіп, дәстүрлі ән кешін жаңалықтардан көрсетті. Бұл да өз кезегінде дәстүрлі ән өнерінің жанданып, үлкен қарқын алып келе жатқанын білдіреді. Сонымен қатар кеште Қ.Байбосынов, А.Алматов, А.Қосанова, А.Балажанова сынды қадірменді қонақтар болды. Сөзімді қорытындылай келе қазақтың дәстүрлі ән өнерін насихаттау мақсатында қойылған бұл кеш жоғары деңгейде өтті дегім келеді.

Қазақ дейтін ұлт барда, қазақ өнері шарықтай береді.

23 қараша күні Қазақ ұлттық өнер университетіндегі Ж.Жабаев залында Телман Нұркеновтың «Ән қанатында» атты жеке концерті өтті. Кеш басында қысқаша бейнебаяннан басталған концерт ұлттық өнерді қазақы биімен, домбыраның үнімен, дәстүрлі ән-жырымен ерекше жалғасын тапты. Кеш бойы экраннан көрсетіліп тұрған қазақтың байтақ даласы, өзен-көлі, аспан көгінде шарықтап ұшқан қыран құстың бейнесі айрықша үйлесім тауып, кешті одан ары көріктендіре түсті. Концерт «дәстүрлі ән» кафедрасының оқытушысы Телман Нұркеновтың орындауында Жаяу Мұсаның «Шолпан туса», Естайдың «Назгүл», Ақан Серінің «Маңмаңгер», «Аңсағаным ауылым» тағы басқа тамаша әндері тыңдаушының көңілінен шығып жатты.

Бұл кеште Шабыт домбырашылар ансамблі «Акку күйі» туындысымен өнер көрсетті. «Қоғамда қазіргі жастар дәстүрлі әнді тыңдамайды» деген пікір бар, алайда кеш көрермендерінің біраз бөлігін жастар құрады және де ерекше ынтамен тыңдағандары қошеметтерінен айқын байқалып отырды. Жалпы үлкен болсын, кіші болсын, жиналған жұрттың қазақы ән-күйге шөлкеркеп қалғандарын аңғардым. Қазақ дәстүрлі өнерінде айрықша орны бар, өзіндік мәнері қалыптасқан Телман Нұркеновтың орындауы мені де ерекше тебіртті. Концертке Қазақстан

Әйгерім ОТАРБАЕВА

«Кинотеледраматургия» мамандығы 1 курс



Кітап - өмір ұстазы

Дүние тіршілігінің тоқтаусыз, тығырыққа толы кым-қуыт әлемі, адам баласын сан рет жаңылдырса, сан рет түңілдіреді, сан рет жабықтырса, сан рет жұбатады. Қандай жағдай болса да – «кітап» дейтін киелі дүниені жадыңызға мәңгілік серік етсеңіз, қуансаңыз қуанышыңызға, жұбансаңыз жұбанышыңызға ортактаспақ. Ақылыңыз ортайған сәтте кемелденуге, кемелдікке келген сәтте тереңдеуге жетелейді. Адам баласының арасынан шыққан қай бір данышпан, гениді алып қарасаңызда барлығының бастау көзі, алған нәрі - КІТАП. Күллі пайғамбарлар



да, күллі ғұламалар да ғаламның қалтқысыз ғажайып дүниелеріне көз жеткізу үшін, жұрт назарын жұмбақ әлемге, жұмыр тіршілікке жұтылып кетпейтіндей жүлдегер тұлғаға айналуы жолында кітаппен серттес, серіктес болған. Алысқа ұзамай-ақ қоялық, өз арамыздан қазақтан шыққан қай бір данағой дараларды алып айтсаңызда барлығының бастау көзі, түп төркіні кітаппен етене жақын екеніне куә боласыз. Сол Фарабилер, Абайлар, сол Ахметтер мен Әлихандалар, Дулат пен Мағжандар барлығыда рухани ұлы ұстаз - кітапты өнері мен өміріне пір тұтқан. Бүгінде біз студент атанып отырған Қазақ ұлттық өнер университетінің бірден-бір айырылмас алтын қазығы - кітап, әрі аяулы кітапхана болса керек. Университетіміздің кітапханасында оқырмандар үшін, жас талантты ғалымдарға жүрегі өнер деп, өмір деп соққан студенттерге ерекше жағдай жасалған. Университетіміздің кітап қорының өзі сала-саланың жетекші мамандарына арналған; сурет, музыка, мүсін, кино, тарих, әдебиет толып-ақ жатыр. Дегенмен, біздің кітап қорымызда өкінішке қарай әсіресе өзіміздің дәстүрлі әдебиетпен, әлемдік деңгейдегі классикалық кітаптың топтамалары әлі де тапшы. Оқырман қауымның одан ары жетілуі үшін мұндай кітаптарға сұраныс күн тәртібінен алынып тасталуы тиіс. Қадірлі менің замандастарым, жора-жолдастарым, мынау ХХІ ғасырдың жаһандануының ұлы нөпірінде, ұлттық рухымыздың

бекем, мықты болып қалыптасуы үшін, заман талабы дейтін техниканың құлы, жарым-жан рухани мүгедектікке жол бермеу жолында күресуіміз керек. Кітап-адам жанның инженері, сабырлы ұстазы, таусылмас кеніші. Ұлы ойшыл хәкім Абайдың айтқанындай: "Артық ғылым кітапта, жалықпай оқып көруге" - демекші, өзімізден кейін өнеге алатын ұрпаққа, ғибратты із қалдыру үшін, сан ғасырлық бабаларымыз аңсаған тәуелсіздігіміздің баянды болуы үшін, ұлы мұрат жолында ұлы елге айналу үшін кітап - біздің сиқырлы таяқшамыз секілді. Қадірменді достарым сөз соңында Жүсіпбек Аймауытовтың болашақ ұрпаққа қалдырған мына бір өсиет сөзін кірістіре кеткенді жөн көріп отырмын.

Оқығандар! Бұл уақыт - жан тыныштығын іздейтін, қызық қуатын уақыт емес, қызмет қылатын, еңбек сіңіретін уақыт. Ойланыңыздар: халық біз үшін емес, біз халық үшін туғанбыз, олай болса, мойнымызда халықтың зор борышы, ауыр жүгі жатыр. Естеріңізде болсын: қара халықтың мәдениетті болуынан, мәдениетті кісінің қазақ болуы қиын, баласына осы бастан ұлт рухын сіңіріп, қазақ өміріне жақындатып өсіру керек». Сондықтан көсегеміз көгерсін десек, көп болып кітаппен дос болуға, сауатты болуға, ұлтының камын ойлайтын ұлы ұлт ұрпағы болуға шақырамын.



Жақсылық МҰРАТБЕК
«Кинотеледраматургия» мамандығы 1 курс

23 октября в 2016 гоу ушла из жизни кандидат искусствоведения, доцент кафедры «Музыковедение» Ирина Алексеевна Бакаева



**«Она навсегда останется в наших сердцах»
(Воспоминания об Ирине Алексеевне Бакаевой
Тогжан Жылкайдаровны Егинбаевой)**

Когда я в 2000 году начала работать в Казахской национальной академии музыки, Ирина Алексеевна Бакаева уже имела солидный опыт преподавателя Целиноградского музыкального училища. Я начала заведовать кафедрой истории и теории музыки с 2001 года, и на протяжении 10 лет Ирина Алексеевна работала под моим непосредственным руководством, а затем до последних дней в КазНУИ мы вели с ней занятия в одной аудитории. Ирина Алексеевна была очень грамотным специалистом, а иначе и быть не могло у выпускницы Новосибирской государственной консерватории имени М. Глинки.

Особо следует отметить работоспособность Ирины Алексеевны. Она могла днями и ночами писать лекции, статьи, учебно-методические комплексы, даже не обращая внимания на плохое самочувствие. И на работу она приходила всегда с хорошим настроением. Свои индивидуальные занятия Ирина Алексеевна, как говорится, отрабатывала «от и до» с каждым студентом. Это был педагог, который мог очень многому научить своих учеников. А они, благодаря ей, становились в дальнейшем хорошими специалистами.

6

Ирина Алексеевна была проста в общении и никогда не отказывала в своей помощи. Когда я стала заведовать кафедрой, то попросила ее стать руководителем методического совета, так как Ирина Алексеевна хорошо знала литературу, в том числе методическую. Также она всегда организовывала наши студенческие олимпиады у музыковедов, составляла требования, готовила студентов к конкурсу. Ирина Алексеевна никогда не ленилась работать и с нее в этом плане нужно брать пример. Она вела курсы по «Истории зарубежной музыки», «Истории мировой музыки», «Музыкальную критику» и другим дисциплинам на высоком профессиональном уровне.

Мы все отмечали высокую грамотность Ирины Алексеевны, и как-то я ей сказала: «Обидно, что вы – такой сильный специалист, но не имеете ученую степень, хотя в вас все это уже "заложено". Давайте вы поедете в тот же Новосибирск, закрепитесь соискателем и начнете писать научную работу». Я рада, что мои слова возымели свое действие. Ирина Алексеевна, действительно, после этого разговора поехала в Новосибирск. Свою диссертацию «Балетные сцены в казахской опере» она написала довольно быстро и также быстро защитилась. Эту научную работу она опубликовала в виде монографии, а затем издала учебное пособие «Лекции по истории зарубежной музыки» (том 1).

Очень интересные и актуальные темы она выбирала и со своими магистрантами. Особая любовь и уважение магистрантов к своему руководителю особенно сказалась в период ее болезни. Они оказывали ей неоценимую помощь, за что мне хотелось бы выразить им особую благодарность педагога и человека.

Когда Ирина Алексеевна заболела, мы все старались ей помочь. Ко мне она обращалась с просьбой найти того или иного врача. Я прекрасно понимала, каково ей и просила своих студентов, магистрантов помочь доехать до больницы или домой (Ирина Алексеевна к этому времени почти не ходила). К счастью, ученики никогда не отказывали мне в просьбах.

Я все надеялась, что Ирина Алексеевна вот-вот окрепнет. Вместе с заведующей кафедрой мы попросили ректора Айман Кожабековну Мусахаджаеву войти в ее непростое положение. Айман Кожабековна поддержала эту инициативу, и Ирина Алексеевна получила возможность заниматься со своими магистрантами на дому или онлайн. До последнего мы с ней не теряли связь. Когда Ирина Алексеевна ушла из жизни, это стало для всех нас шоком, невосполнимой утратой.

Ирина Алексеевна – кандидат искусствоведения, доцент кафедры музыковедения, автор монографии, учебных пособий, друг, светлый человек навсегда останется в наших сердцах.

С Тогжан Жылкайдаровной Егинбаевой, Заслуженным деятелем РК, кандидатом искусствоведения, профессором кафедры музыковедения и композиции беседовали Айдана Кожанова и Асем Ермухамбетова, студентки 2 курса специальности «Музыковедение» КазНУИ

Она верила в могучую силу искусства...

23 октября в Органном зале Казахского национального университета искусств, состоялся вечер памяти кандидата искусствоведения, доцента кафедры «Музыковедение» Ирины Алексеевны Бакаевой. Инициаторами проведения этого вечера выступили педагоги КазНУИ Сауле Карасаевна Мусахаджаева и Татьяна Анатольевна Апанович. Желających отдать дань памяти Ирине Алексеевне было так много, что состоялся большой концерт, организованный силами преподавателей и студентов университета.

О любимом педагоге, замечательном коллеге, отзывчивом друге на вечере было сказано много теплых и искренних слов. Для каждого из знавших Ирину Алексеевну, она осталась в памяти человеком добрым и заботливым, любящим музыку и свою профессию. Она верила в могучую силу искусства, нередко восхищая всех нас безграничной преданностью Музыке.

Воспитанница Новосибирской государственной консерватории имени М.И. Глинки, Ирина Алексеевна начала преподавать в Целиноградском музыкальном училище еще в 1981 году. После образования Казахской национальной академии музыки в 1998-м она стала ведущим педагогом нового ВУЗа. Ириной Алексеевной Бакаевой написаны ряд учебно-методических и научных работ, таких как «Лекции по истории музыки», «Балетные сцены в опере». Помимо научной и педагогической работы она вела в университете учебно-методическую работу.

Ирина Алексеевна ушла из жизни 23 сентября 2016 года, и для многих из нас эта скорбная новость стала настоящим шоком.

На вечере памяти доктор искусствоведения, профессор Умитжан Рахметулловна Джумакова говорила о высоких профессиональных качествах Ирины Алексеевны, вспоминая, как та часто делилась новыми музыкальными впечатлениями, которые доставляли ей много положительных эмоций.

Добрые слова о своем наставнике произнесла выпускница кафедры «Музыковедение» Екатерина Гиль. В ее жизни Ирина Алексеевна заняла необычайно большое место. Екатерина все свои уроки вспоминает с благодарностью: педагог поощряла научно-исследовательские интересы своей ученицы, показывая на своем примере, каким должен быть настоящий пытливым ученый. Екатерина также рассказала о том, как Ирина Алексеевна оказала ей материальную помощь для того, чтобы состоялась ее поездка на студенческую научную конференцию в Новосибирск.

Состоявшийся вечер памяти оставил в нашей душе неизгладимый след. Очень жаль расставаться с дорогими людьми, которые делали жизнь прекраснее по мере возможностей своих сил. В своей памяти мы будем хранить светлый и добрый образ Ирины Алексеевны.

Денислам ТУЛЬБАЕВ
«Музыковедение» 4 курс





Өнердің өз адамы

Елдордамыздағы Жастар театры 2007 жылы шілденің 5 күні Астана қаласы әкімдігінің қолдауымен құрылды. Өнер ордасы өз шымылдығын Шыңғыс Айтматов пен Әбіш Кекілбаевтың «Шыңғысхан» спектаклімен (инсценировка авторы – Жаныш Қалымбетов, қоюшы режиссері – Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Нұрканат Жақыпбай) түріп, жас театрдың тұңғыш директоры қызметіне Қазақстан Жастар Одағы сыйлығының лауреаты Ғани Құлжанов тағайындалды. Бүгінгі таңда бұл қызметті Ернар Құрбанбекұлы Жұматаев атқарып келеді. Театрдың көркемдік жетекшісі әрі бас режиссері – Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Нұрканат Жақыпбай.

Әйтсе де, аталмыш театр бірден бой көтере қойған жоқ. Астанаға алғаш келгенде, бастарында баспаналары, өздеріне тиісті ғимараты болмады, тіпті жарық, музыка, киім, гримді де өздері жасап, қиын-қыстау күндерді бастарынан өткізді. «Сол кездердегі көп ауырпалықтың, қиыншылықтың арқасында қазіргі күні ұйымшылдығымыз бен бірлігіміз мықтап бекіген»-дейді,

театрдың алдыңғы буын актері Б.Хаджыбаев өз сұхбатында.

Бүгін біз сөз етейін деп отырған кейіпкеріміз – жастар театрының құрушыларының бірі, театрдың белгілі актері Бақыт Бахтанұлы Хаджыбаев. Ол 1983 жылы Алматы қаласында дүниеге келген. 2002 жылы Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясына оқуға түсіп, 2006 жылы Н.Жақыпбайдың шеберханасында «драма және кино актері» мамандығы бойынша тәмамдады. 2006-2007 жылдары Тазабеков театрында актер болып жұмыс жасады. 2007 жылдан бері Жастар театрының талантты актері.

Театрдағы бір қатар рөлдері: Д.Саламат «Ғайыптағы мәңгілік махаббат сазындағы» - Ұстаз, Ғ.Мүсірепов «Қозы мен Баянындағы» - Қодар, Н.Гоголь «Ревизорындағы» - Амос Федорович, Ш.Айтматов «Шыңғысханындағы» - Ердене, С.Раев «Меккеге қарай ұзақ жолындағы» - Көлеңке, Т.Миннуллин «Диляфруздың төрт күйеуіндегі» - Жәміл, У.Шекспир «Асауға тұсауындағы» - Петручио, М.Леви «Жер мен көктің арасындағы» - Пильгез.

Бақыт Хаджыбаевтың бірнеше рөліне тоқталып өтсек. Актер ұлы драматург У.Шекспирдің «Асауға тұсауында» екінші құрамда басты рөл – Петручионы бейнелейді. Алғашқы сахналарда ешкімге бағынбайтын, тәкаппар да өктем қыз Катаринаны (Айнұр Рахипова) «тұсаулау» әсте мүмкін еместей көрінеді. Әйтсе де, тең-теңімен демекші, асау Кэтті орнына қойып, жолында түрлі айла-тәсілдерді пайдаланатын Петручионың әрекеттеріне езу жиып та, тамсана да қарарыңыз анық. Петручио – ер мінезді, өз-өзіне нық сенімді, батыл, нағыз еркек. Катаринаны жақсы көреді. Тек үйдің иесі, отағасына жарының құрмет көрсету қажеттігін, әйел баласының ер адамға тек нәзіктік пен еркелік сынды қасиеттерімен жағатынын жұбайына түсіндіреді. Осы тұста Бақыт бұл кейіпкерді өзінше алып шыққан. Актердің түр-тұлғасы, өр дауысы Петручионы шығаруына көп жәрдем еткен. Бақыттың Петручиосы бірінші құрамдағы Әділ Ахметовтің Петручиосына қарағанда байсалдырақ әрі сыпайы. Ол жарын күшпен емес, ақылмен, түсіністікпен бағындырғысы келеді. Бағындыру емес-ау, рухани табысқысы келеді дер едік. Ең алғаш танысатын сахнада Бақыт-Петручионың өзінің болашақ жарына деген көзқарасынан, әдемі әзілдерінен ынтықтығын аңғарамыз. Жас жұбайлардың Кэттің төркініне келе жатқан жолдағы сахнада бір-біріне деген сүйіспеншілігінің куәсі боламыз. Актер Катаринаға алдындағы көріністердегідей емес, қиыла қарауынан, сабырлы сөйлеуінен, сол сәттегі үнсіз көзқарастарынан шын махаббаттың ұшқынын байкатады. Ең соңындағы «Кэт, сен – еркексің!» деп айтқан тұстағы Бақыттың дауысынан, қарасынан отағасын сыйлап, соны түсініп, кейінгілерге ұқтырғаны үшін оған деген құрметін, түсінісуді, мейірімді, ғашықтықты көреміз.

Т.Миңнуллиннің (аударған - Сая Қасымбек) «Диляфруздың төрт күйеуінде» Диляфруздың ғашығы Жәмілді ойнайды. Өн мен биге, әзіл-қалжыңға құрылған спектакльдегі ең мұнды кейіпкер сол болып



көрінді бізге. Оның киім-киісі, шаш үлгісінен, қолында ұстаған кітабынан бірден оқымысты кейпін көрсетеді. Баска бейнелерден артықшылығы ол сұлу Диляфруздың өзіне ғашық екенін білмейді. Спектакльдің соңына дейін: «Сезімін қашан білдіреді екен?», «Түу, не деген ынжық еді?!», «Диляфруз оған ғашық екенін қалайша көрмейді?» деген сұрақтар мазалап, тағатынды тауысады. Дәл сол сабырлылықты, сүйгеніне ғашықтығын білдіруге батылы жетпеуін, қорқақтығын Бақыт-Жәміл көрсете алды. Петручиоға мүлде кереғар кейіпкер Жәміл, біздің пікірімізше, актердің табиғатына жақын. Батылсыздығы емес, әрине, оның сабырлылығы мен байсалдылығы, тұйықтығы актердің бойындағы қасиеттер деп білеміз.

Жеңістің 70 жылдығына орай Жастар театры С.Жүнісовтің «Жаралы гүлдер» шығармасының желісі бойынша режиссер Нұрканат Жақыпбайдың сахналауымен «Тырау-тырау, тырнарлар» спектаклін көрерменге ұсынған болатын. Ол қойылымда егделеу, соғысқа аттанып, алайда одан бір көзінен айырылып, аяғы жараланып келіп, тылдағы, ауылдағы шаруаға бас-көз болып жүретін Баттал атты кейіпкер бар. Сол бейнені Бақыт Қажыбаев кейіптейді. Өзінің «Білім және Мәдениет» арнасына берген сұхбатында рөлді ойнаудағы ізденістерін, тіпті бір көзімен қараудағы ерекшелікті әжесінен үйренгендігін айтқан болатын. Соғыстың қиындығын жақсы түсінетін ол қателік жасаған балаларға ұрысқанмен де, аяйтынын, соғысқа аттанам деп алып-ұшқан жас көңілдердің ондағы азапты түсінбейтініне налып, ұрсып жіберетіні бар. Бақыт-Баттал, біздіңше, актерді тағы бір қырынан байқатқан рөл деп санаймыз.

Актердің 2014 жылы Қазақстан Ұлттық телеарнасында «Шарайна» бағдарламасын жүргізгенін білеміз. Төрткүл дүниені шарлап, ондағы ерекшеліктерді, ұлттық құндылықтардың сақталуы, ғимараттардың әр түрлілігі, тағамдары, ауа райы, жалпы, қызықтарды көгілдір экран арқылы дүйім жұртқа таныстыруы көңілден шығады. Өзін өте еркін ұстап, барлығына түсінікті етін, асықпай, көрсете отырып, мысалдар келтіре отырып жүргізеді.

Бақыт Хаджыбаев – талантты, еңбекқор актерлердің бірі. Бүгінгі күні әртістің жан-жақтылығын, актерлік шеберлігін көрсететіндей рөлдер әлі де туған жоқ деп есептейміз. Әлі де оны жан-жақты ашатын, жаңа қырынан көрсететін рөлдер туады, режиссерлер оны басқа амплуадан көрсе деп ойлаймыз. Ол үшін, біздіңше, басқа да режиссерлерді шақырып, репертуарға да өзгеріс енгізу керек деп есептейміз. Ол бір сұхбатында: «Менің арманым – Гамлетті ойнау» деген болатын. Актер әрқашан да армандау, іздену, талпыну керек. Армандар орындалсын деп тілейміз!

Ләззат АЛПЫСБАЕВА
«Театртану» мамандығы 4 курс

Атанғаным мырзатай — ел арқасы



10

Халқымыздың біртуар ұлы, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, ғалым Мырзатай Жолдасбеков 80 жасқа толуына орай Қазақ ұлттық өнер университетіндегі Ж.Жабаев залында шығармашылық кеш өтті. Тағылымды кешті ұйымдастырушы Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Ж.Жабаев атындағы халықаралық сыйлығының лауреаты Сәулебек Асылханұлы.

Кешегі бала Мырзатайдан, бүгінгі дана Мырзатайға дейінгі ағамыздың өмір жолына көз жіберсек, осынау сексен жыл ішінде қазақ халқының кеңестік дәуірінен, тәуелсіздік заманына дейінгі жүрін өткен жолындағы игілікті істері мен ерен еңбектеріне куә боласыз. Мырзатай Жолдасбеков қазақтың игі жақсылары: Кенен Әзірбаев, Марғұлан, Әбділда, Бейсенбай, Есмағамбет Шахмет, Қалтай, Зейнолла сынды ағаларымен жиі араласқан. Әсіресе, Кенен атамызбен сыйластығы әке мен баланың, аға мен інінің арасындағы жарастықтың куәсіндей болыпты.

М.Жолдасбеков Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетіне ректор болған жылдары маңайына әдебиет-мәдениет қайраткерлерін топтастырып, университетті руханият орталығына айналдырады. Ата тарихымыздың куәгері Күлтегіннің көктасының елімізге келуіне, оның Еуразия университетінің төріне орнауына да Иманғали Тасмағамбетовпен бірге көп күш-жігер жұмсайды. Мырзатай ағамыздың ерен еңбегіне сүйсінген ел азаматтары ризашылықтарын арнау күйлері мен жыр шумақтары арқылы білдіреді. Кезінде Сүйінбай, Жамбыл, Кенендей күміс көмей, алмастай өткір тілді айтыс ақындары қырғыз бен қазақтың төскейде малы қосылып, той-думанда ән-жырының қосылуына қызмет етсе, 1991 жылы өткізілген Қырғыздардың тұңғыш құрылтайында Мырзатай ағамыз «қазақпен қырғызды тау бөлсе де, жау бөлмейді!» – деп бабалар салған жолмен екі елдің арасындағы достықпен руханияттың алтын көпірі болып келеді. Мырзатай ағамыз Тәуелсіз Қазақстанның ірге тасын еліміздің тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевпен бірге қаласты, сенімді серігі, айнымас кеңесшілерінің бірі болды. Оқу министрі, Қазақстан компартиясы Орталық комитетінің Идеология бөлімінің меңгерушісі, Президенттік Кеңестің мүшесі, Мемлекеттік кеңесші, Премьер-министрдің орынбасары болып қызмет етті.

Мемлекеттік рәміздердің қабылдануы, тіл мәселесінің оң шешім табуы, Абылай хан, Қабанбай, Бөгенбай батырлар мен Абай, Жамбыл, сондай-ақ Алаш арыстары Ахмет пен Міржақып тойларын, Дүниежүзі қазақтарының құрылтайы тағы басқа көптеген игілікті іс-шаралар тікелей Мырзатай Жолдасбековтің басшылығымен өтті. Мырзатай ағамыз мемлекеттік қызметте, ат үстінде жүрсе де қаламын қолынан бір күн тастамаған адам. Ежелгі әдебиет, әдебиет тарихы, жыраулар мұрасы, Жамбыл және оның төңірегіндегі ақындарды зерттеуге арналған еңбектері қазақ әдебиеттану ілімінің алтын қазынасын құрайды. «Жүз жыл жырлаған жүрек», «Асыл сөздің атасы», «Асыл арналар», «Тоқсан толғау», «Ел тағдыры – ер тағдыры», «Күлтегін», «Орхон ескерткіштері» «Тастар сөйлейді», «Шың мен шыңырау», «Күндерімнің куәсі», «Сөзді ұғатын кез келді» «Орхон ескерткіштерінің толық Атласы», «Елтұтқа» (Ақселеу Сейдімбек пен Қойшығара Салғараұлымен бірігіп жазған) еңбектері осы айтқанымыздың айғағындай. Мырзатай Жолдасбеков ағамыз – халқын жанындай сүйген адам. Азамат етіп өсірген де, осыншама дәрежеге жеткізген де, туған халқы екендігін бір сәт есінен шығарған емес. Мерейтой иесінің туған халқына деген зор махаббатынан туған ән «Атанғаным Мырзатай ел арқасы».

... Бақ – маңдайға бітеді

Өткен жылдың мамыр айының 27- жұлдызында сексеннің сеңгіріне шыққан Мырза ағамызға арналған мерейтойлық концерт ҚОКЗ- дүркіреп өткені баршамызға белгілі. Ал осы жолғы әдеби-сазды кеш ағамызға арналған мерейтойлық іс-шаралардың жалғасы іспеттес. Кеш барысында «Күнделігімнің куәсі» атты Мырзатай ағаның күнделік жазбаларынан үзінділер оқылып, белгілі айтыскер ақын Еркебұлан қайназар өлеңнен өрнек өріп, ел ағасына деген құрметін жырмен жеткізді. ҚазҰӨУ-нің Ұлт-аспаптар оркестрі, домбырашылар ансамблінен кейін, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткерлері К.Төленбаева, А.Балажанова, Г.Бөкейханқызы, Ж.Жүзбаев, Т.Әліпбаев сынды өнер майталмандары кеш көрігін қыздырып, сәнін келтірді. Кеш соңында Университетіміздің ректоры, Қазақстанның халық артисі, профессор Айман Қожабекқызы ел мақтанышын арнайы құттықтап, ерекше лебізін, ысытық ықыласын білдірді.

Ал осы бір керемет кешті тамашалаған мен ерекше әсерге бөлендім. Ел ағасына арналған «жүректен туған әндер», «көңілден туған күйлер», жалынды жырлар және ағмыздың өз туындылары жанды тебіренпей қоймайды. Шағын жазбамның соңын Мырза ағамыздың сөзімен аяқтайын:

«Қобыз қонады,
Домбыра дариды.
Ән – таңдайға бітеді,
Бақ – маңдайға бітеді.
Перзент тілектен туады.
Ән жүректен туады.
Күй көңілден туады,
Бәрі де өмірден туады.
Жақсы менен жаманды саралай біл,
Барыңменен бағыңды бағалай біл»,- барымызды, бағымызды, нарымызды бағалайық, ағайын! Жақсы адамдар жанымызда жүр.

Жәнібек ОРАЛЖАН

«Драма театр актері» мамандығы 1курс

Білім мен тәрбиенің бастауы — ұстаз қолында

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауында: «Ұлттық бәсекелестік қабілеті бірінші кезекте оның білімдік деңгейімен айқындалады» деп айтылған. Егемендік алған тәуелсіз Қазақстанның әлемдік өркениетке жетудегі бірден-бір дара жолы - білім жүйесі. Орта мектеп - білім жүйесінің ең басты буыны. Орта мектепте қаланған білім негізі оқушының болашағына жол ашады.

Қазіргі кезеңдегі басты мәселенің бірі жаңа технологиялардың дамуы кезеңінде болашақ ұрпақтың тәрбиесі мен білім алуында ұстаздардың атқаратын рөлі ерекше. Егемен еліміздің болашағы, оның әлемдік өркениеттегі өз орны, ең алдымен білім мен тәрбиенің бастауы — ұстаз қолында.»-деп, атап көрсеткен болатын. Бүгінгі мектеп оқушылары - ертеңгі болашақ екенін ескерсек ұстазға жүктелетін міндет ауқымды. Ұстаз ұлағаты заман талабына сай білім беруде жаңалыққа жаны құмар шығармашылықпен жұмыс істеп, оқу мен тәрбие ісінде жаңа технологияны шебер меңгеруінде, білігі мен білімі жоғары жетекші тұлға ретінде танылуында. Қазіргі заман ағымына байланысты оқушылардың өнер-білімге деген қызығушылығын арттыру үшін мұғалімдерге жаңа талаптар қойылуда. Сол себепті оқытудың әр түрлі технологиялары жасалып, мектеп тәжірибесіне енгізілуде. Жан-жақты ізденістің нәтижесінде білім беру саласында жаңа педагогикалық технологиялардың саны да, сапасы да өсіп келеді. Технология —



12

белгілі бір істегі адамның әдісі, шеберлігі. Осы шеберлік арқылы мұғалімнің өз сабағын оқушыға жоғары сатыда жеткізуіне мүмкіндік береді. Мұғалім үнемі шығармашылықпен, ізденіспен жұмыс жасап отырса, жаңашылдыққа жақын болғаны. Өзгелердің үлгісін өз ісінде пайдалана білсе, оған өзіндік қолтаңбасын қосып отырса — оқушы тәрбиелеу мен білім берудегі жетістігі сол болмақ. Қазіргі педагогикалық әдебиеттерден 50-ден астам оқыту технологиялары қолданысқа енгізілгені белгілі болып отыр.

Жаңартылған білім беру мазмұны бойынша жаңашылдыққа бейім тұрған бірлестік мүшесі, жалпы білім беру мектебінің жоғарғы санатты ұстазы, педагогика ғылымының магистрі Асқарова Дидар Асқарқызы «Қалыптастырушы бағалау - оқытудың ажырамас бөлігі» деген тақырыбында семинар-коучинг өткізді.

Семинар-коучингтің мақсаты — жаңартылған білім беру мазмұны барысында білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың әдіс-тәсілдерін кеңінен көрсету. Мұғалімдердің сыни ойлау қабілеттерін арттыру мақсатында қалыптастырушы бағалаудың өткізілу мерзімі, ҚБ акпаратпен қамтамасыз етуші кім, мұғалім мен оқушының рөлі қандай болу керек және қалыптастырушы бағалаудың формалары деген іс-әрекетін ойлан-жұптас-бөліс әдісі бойынша қорғап, соңында шыққан қортындымен салыстырып, кері байланыс жасалды. (Тазалық әдісі). Дискриптор құруға арналған тапсырмалар берілуі ұтымды болды. Кері байланыс әрекетінде «Екі жұлдыз, бір тілек» семинардан алған әсерлерін стикерге жазып, аталған коучинг өткізуге мұрындық болған бастауыш Әдістемелік бірлестігіне мұғалімдер жүрек жарды лебіздерін білдірді. Қатысқан ұжым аталған тақырып бойынша алған білімдерін алдағы уақытта өз тәжірибелерінде пайдаланатындарын айтып, Дидар Асқарқызына үлкен еңбегіне алғыс білдіріп, шығармашылық табыс тіледі. Мектебімізде аталған үрдістің, жаңа мазмұн бойынша білім беру барысында семинар-коучингтің жалғасын тауып, түрлі тақырыптарда өткізіліп отыруды ұсынып, көтеріңкі көңіл-күймен тарқасты.

Айгүл ТІЛЕГЕН
ҚазҰӨУ мектебінің қазақ
тілі мен әдебиет
пәні мұғалімі:

Ес — аймақ



2017 жылдың желтоқсан айы. Қыстың ызғарлы аязына, күнделікті қарбалас студенттік өмірге қарамастан оқу ордамыздың үйренсем, білсем деген жастары «Ес-аймақ» мәдени-танымдық бірлестігінің кезекті қонағы ҚР еңбек сіңірген қайраткері, Халықаралық Ж.Жабаев атындағы сыйлығының иегері, «Театр, Кино және ТД» факультетінің деканы Асылханов Сәулебек Есімбекұлымен кездесуге асықты. Кеш басында белгілі режиссер, профессор С.Есімбекұлының өнегелі

өмірі мен шығармашылығы жайында көрсетілген видеороликпен таныс болды. Сәулебек ағаның өнерге қалай келгені және осы күнге дейін жасаған жұмыстары мен сахналаған спектакльдері турасында кеңінен әңгіме өрбіді. 1974 жылы Алматыдағы М.Әуезов атындағы академиялық қазақ драма театрында сахналаған М.Әуезовтің «Айман-Шолпан» музыкалық комедиясының режиссері Сәулебек Асылханның ең алғаш режиссерлік жұмысы екенін бірі білсе, бірі білмесі анық. Сағынышқа айналған сағым күндердің куәсі ретінде сол қойлымда бірі Жарасты, бірі Айманды ойнаған ҚР халық артистері Т.Мейрамов пен Ж.Мейрамова да осы залда отырған еді. Сәулебек аға Құрманғазы атындағы консерваторияда режиссура мамандығы бойынша тәмамдаған соң, 1975 жылы Жер жәнаты Жетісу атанған өлкеден, бір топ замандастарымен бірге театр ашып, Т.Ахтановтың «Әке мен бала», А.Вампилов «Сүйінші табылды, табылды» сынды туындыларды сахналап, театрдың аяғынан нық тұруына үлес қосты. Көрнекті театр сыншысы Ә.Сығай: «Режиссер С.Асылхановтың театр сахнасына шығарған көптеген спектакльдері сахналық тиімділігі, сюжет өрімі, эмоциялық әсерлігімен ерекшеленеді»-деп, кезінде баға берген еді. Қазақ театрында ең алғаш тарихи спектакльді сахналаған және Өзбек театр сахнасында Ә.Рахмановтың «Керуен жолы» атты қойылымын қойған тұңғыш режиссер С.Асылханов болатын. 1976 жылы Талдықорған театрында Т.Қалихановтың «Алтын бесік» туындысын «Абылай аманаты» деген атпен сахналап, республикалық байқауда I дәрежелі дипломмен марапатталады. Алматыдағы М.Әуезов атындағы академиялық қазақ драма театрында талантты актрисалар: С.Майқанова, Ш.Жандарбекова, Б.Римова, З.Шәріповаларға арнап арнайы спектакльдер қойғанын және сол ұлы сахнагерлеріміздің актерлік ерекшеліктері мен дайындық барысындағы қызу еңбектері турасында керемет естеліктер айтылып, жастарға үлкен-өнеге болды. Өнер тарланының тек қана театр саласында ғана емес, сондай-ақ «Жаңғырық», «Зарлы жылдар», «Абай бейнесі кино әлемінде» сынды көптеген деректі және қысқа метражды фильмдерінің режиссері болғанын білеміз, сол фильмдердің түсірілімі жайында қызықты оқиғаларымен бөлісті. С.Асылханов тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында ұлы тұлғаларымыздың мерейтойларын жоғары дәрежеде өткізген кәнігі режиссер. Сонымен қатар, Сәулебек Есімбекұлы өскелең ұрпақты ұлттық салт-дәстүрімен, ұлттық өнерімен тәрбиелеу мақсатпен Елордамыз Астана қаласында «Ұлттық дәстүрлер театрын» ашып, көп қазаққа үлгі болған еді. Бұдан басқа да көптеген мәселелер мен құнды мағлұматтар кеш барысында кеңінен айтылды. Кеш иесі

әдеттегідей, көрермен тарапынан қойылған сұрақтарға да тұшымды жауап беріп отырды. Сәулебек ағамыздың жеке мұрағатында сақталған видеолардан үзінді қойылып, бүгінде өмірден өткен қоғам қайраткері З.Нұрқаділов, ҚР халық артисі Қ.Сұлтанбаев, көрнекті театр сыншысы Ә.Сығай, белгілі драматург Б.Мұқай, қазақтың Ақбаяны атанған М.Ералиева сынды асыл азаматтарымыздың жарқын бейнесімен қауышқан ұстаздарымыз бен студенттердің көңілдері босады. Кеш соңында Сәулебек Асылханның биылғы I курс шәкірттері ұстаздарына арнайы шығарған өлеңдерін оқып, ән арнап, соңында ақ жарма тілектерін білдірді. Бұл күнгі Ес-аймаққа келген көрермендеріміз көп болды.

Әр ай сайын өтетін «Ес-аймақ»
мәдени-танымдық бірлестіктен
табылайық, студенттер!

Бактияр ТҰРСЫН
«Театртану» мамандығы 2 курс



Дәстүрлі әншілік мектептерінің аймақтық ерекшеліктері



Қазақ әнінің байтақ дәстүрі бар. Ғасырлар бойы халықтың сүйініші мен күйінішін, сағынышы мен махаббатын тербеген қазақы әуеннің жаратылысы әлемдегі өзі теңдес өнер үлгілерінен оза туған табиғаты бар екенін дос түгілі дұшпан да мойындағанын білеміз. Қазақ әнінің тарихында топ жарған халық таланттары, ХҮІІІ-ХІХ ғасырларда орыстың алдыңғы қатарлы ойшылдары мен шетелдік музыка мамандарының зор ілтипаттарына ие болған, қазақ фольклорын алғаш нотаға жазған А.Затаевич «Мұншама мол қазынасы бар ұлт бақытты» десе, француз өнертанушысы әрі жазушысы Л.Арагон «Қазақ әні адамзатқа ортақ игі байлық» деп бағалаған.

Әуелден әуезі тұтас халық әндері кәсіби оқыту барысында сарындық дамуына қарай мектептерге бөлінеді. Бірақ дауыстық табиғатының түбірі мен жаратылысын бөле-жару мүмкін емес.

Қазақтың дәстүрлі ән мектептері орындаушылық шеберліктеріне қарай бірнеше әншілік мектептерге бөлінеді: Атап айтсақ: Арқа, Батыс, Жетісу, Сыр өңірі. Дәстүрлі әншілік

өнердің орындалу ерекшеліктері, айтылу мәнерімен қоса өзінің иірім-нақышымен диапазоны жағынан әр мектептің әр түрлі дауыс ерекшеліктеріне бай болып келеді. Осыған байланысты дауыс мәнерлеу жағы әрбір мектепте дәстүрлі әншінің табиғи дауыс кендігі, күші, тембрлік бояуы, үні және физиологиялық дауыс мүмкіншіліктеріне қарай кәсіби оқытудағы жүйе бойынша дамытылады. Сондай-ақ, аймақтық мектептің үрдісін сақтай отырып өз алдына өнердегі ізін қалдырған дарындылардың атымен аталады. Қазіргі кезде осындай мектептерге Жүсіпбек, Ғарифолла, Кенен, Жәнібек, Қайрат мектептері жатады, осы үлгілерде кәсіби халықтық дәстүрлі мәнер де дамып келеді.

Енді осы мектептердің мәнерлік ерекшеліктеріне тоқтала кетейік

Арқа әндері ырғақ пен өлшемі, дыбыстық диапозоны кең болып келеді. Әннің әрбір қайырымынан кейін музыкалық фразалардың ұтымдылығын арттыратындай шағын вокализі болады. Сонымен бірге әннің әуенінен бөлек тың тақырыптарға құрылған қайырымы мен қайырмасы әрбір шумақтан кейін мотивтің тұтастығын қамтамасыз етеді. Осы жағынан алғанда жылдам (Исаның «Желдірмесі»), жүрдек («Илигай»), баяу (Мәдидің «Қаракесегі») айтылатын Арқа әндері динамикалық жағынан да күрделі шығармалар қатарына жатады. Жетісу мектебі көбінесе көне әуендер мен тұрмыстық қара өлеңдер мазмұнына құрылған әндерді қамтиды. Жетісу әндерінің тембрлік көркемдігі айрықша, динамикалық ерекшелігі әртүрлі, сазды және жүрдек екпіндермен қатар музыкада кездесетін барлық ырғақтарда шырқала беретін тамаша мүмкіндігі бар. Стилі мен жанрлық тұтастығы жағынан Арқа әндеріне өте жақын. Кененнің, Қапездің, Дәнештің әндері Арқа мен Жетісу әншілеріне ортақ мұра болып отыр, ал, Қалқаның әндері Батыс Қазақстандық мектепті еске түсіреді. Мұның өзі Жетісулық мектептің Қазақтың барлық ән мектептеріне ортақ тарихы бар екенін көрсетеді.

Батыс Қазақстандық ән мектебі динамикалық белсенді ырғақтарға құрылады. Бұл мектептегі ән қоры диапозоны жағынан кең, тік шырқауы биік, шумақтық (куплеттік) шектеуі жоқ тамаша шығармалар. Қазақтың алғашқы опералық әндері батыстық ән мектебі негізінде жазылды, алғашқы вокалдық, камералық әндер де осы мектептің үлесінде мол болды. Мұхиттың

«Зәуреш», «Айнамкөз» сияқты әндерін ұлттық вокалдың алғашқы қарлығаштары—Р.Абдуллин, Ш.Үмбеталиев, Б.Досымжанов, Е.Серкебаевтар айтты. Батыс Қазақстандық әндердің опералық мазмұнға жақын қасиетін композиторлар – Е.Брусиловский, Е.Рахмадиев, С.Мұхамеджановтар шығармалар жазу барысында ұтымды пайдаланды, осы мектептің ізімен жаңа әндер де жазды.

Сыр бойы «сыр елі, жыр елі» демекші сыр мектебінің еліміздің оңтүстік – батыс өңірі Қызылорда облысының Қазалы, Арал аудандарымен қатар Ақтөбе облысының Шалқар, Ырғыз аудан өңірлерін қамтитын жыраулық-жыршылық дәстүрі тереңнен қалыптасқан. Орындаушылық ерекшеліктері, жыршы-жырау термешілердің ұзақ жолдарды жатқа айтып, біріне-бірін жалғастырып жырлайтыны, және жыраулар бір жырдың ішінде бір неше мақамға өзгеріп отыратынымен ерекшеленеді.

Қазіргі кезде дәстүрлі ән саласы Арқа, Жетісу, Батыс Қазақстан, Сыр өңірі ән мектептері болып өнер ордаларында жоғары деңгейде ұсталып отыр. Қорыта айтсақ, қазақ әншілерінің өзіне тән дамыған осы өңірлік мектептерінің, ерекше құндылығын, тәбиғилығын, дәстүрлі мақамын өз қалпында сақтау мақсатында тер төгу міндеті алдымызда тұр.

Гүлнар АБДОЛЛА
«Дәстүрлі ән» кафедрасының аға оқытушысы



Жаңашылдыққа талпыныс...

Жақында Рашид Құлбатыровтың Хас Санат галереясындағы «От истоков к новому» атты көрмесін тамашалап келдік. Рашид ағамыз қазіргі заманның бейнелеу өнерін асқақтатып жүрген суретшілерінің бірі. Оның картиналары Америка, Франция, Германия, Түркия және көптеген басқа да елдердің жеке коллекцияларында орын тапқан. Қазақ халқының болмысы мен түп-тамырын көрсетуге талпынған суретші пейзажбен қатар тұрмыстық жанрды суреттеген. Шынайы бейне, таудың таза ауасы, тыныштық пен уақыт шексіздігі – бұның бәрі оның бейнелерінде анық байқалады. Оның туындыларына қарап, автор табиғат аясының көбіне таулы-қыраттарын суреттеуге көңілі жақын екендігін көре аламыз. Суретші көбіне акварель, акрил және майлы бояуды қолданған. Ал палитрасында суық түстер көп қолданылады. Соның арқасында картиналарында бір жеңілдік сезіледі.

Автордың картиналары көзге жағымды: қазақ жерінің алыптығы мен керемет пейзаж бейнелері. Сонымен қатар, саяхатшы-суретші, автор басқа елдердің қалалық пейзаждарын салған. Олардың тұрмысын бізге осындай картиналармен таныстыруға тырысты. Көп еңбектеніп, шеберлігін ұштаған суретшінің кенептері әр үйде өз орнын таба алатынына күмәніміз жоқ. Олар өте нақышталып салынған туындылар.

Картиналар өте әдемі шыққанымен, пейзажға деген махаббат пен динамикалық қылқалам өнеріндегі басты ерекшеліктері атақты Әбілхан Қастеев пен Қанафия Телжановтың салу үлгілеріне ұқсас. Суретші соған қарап, олардан шабыт алып, мүмкін еліктеп картиналарын салған болар. Яғни, Рашид Құлбатыровтың туындыларына қарап, бұрынғы суретшілердің ғажап дүниелері еске түсе берді.

Мадина АЛИБЕКОВА
«Өнертану» мамандығы 1 курс

17



Өнер адамының бойынан ең бірінші ішкі жандүниесінің тазалығын іздеймін



Асқар Мұқиятұлы 1994 жылдың 1 наурызында Қытай Халық республикасы, Манас ауданында дүниеге келген. 2005 жылдың сәуір айында ата қонысқа, яғни Алматы облысы, Талдықорған қаласы, Ескелді ауданы, Сырымбет ауылына көшіп келеді. Кішкентай кезінен домбыраға әуес болған бала Асқар, Отанына оралысымен Жұматай Жақыпбаев атындағы орта мектеп қабырғасында оқып жүріп домбыра үйірмесіне қатысады. Бала кездегі әуестігін осылайша шыңдай түседі. Орта мектепті бітіріп, Алматы облысы, Талдықорған қаласындағы Қанабек Байсейітов атындағы колледжінде бас қобыз (виолончель) мамандығын Қазақстан республикасының мәдениет қайраткері Наурызов Кәміл Нығметұлы класында 2010-2014 жылдар аралығында оқып бітіреді. Дегенмен, Асқардың домбыраға, дәстүрлі әнге деген құштарлығы арта түседі. Қазақы әуенге деген сүйіспеншілігі оның Талдықорған шаһарында жыл сайын өтетін дәстүрлі өнер бәйгесінде бірінші орын алуына себепкер болды. 2014 жылы Елорда төріндегі Қазақ Ұлттық Өнер университетіне оқуға түскен Асқар, осы күнге дейін дәстүрлі өнерімізге қатысты біраз жетістіктерге қол жеткізді.

18

Қараша айы өнер ордамыз үшін қуанышпен басталды. Қарашаның 3-7 аралығында Елордамызда өткен «Шабыт» ХХ Халықаралық жастар фестивалінде «Халық музыкасы» (домбырамен ән салу) номинациясы бойынша гран-при жүлдесін иеленген Қазақ ұлттық өнер университетінің түлегі, Сарин Ербол Айымғазыұлы шеберханасында білім алып жүрген Асқар Мұқиятұлымен сұхбат құрған едік.

- Дәстүрлі әннің мектептері жайлы айтып өтсеңіз?

- Әр өңірдің қағысының, мақамының, әуенінің бір-бірінен айырмашылықтары бар. Ерте кезде дәстүрлі ән мектебі төртке бөлінетін, қазіргі кезде беске бөлінетін болды: 1. Арқа – орталық Қазақстан өңірінен шыққан, бұл аймақтың әуендері кең диапазонды, ашық дауысты талап ететін күрделі мектеп. 2. Жетісу – Талдықорған, Жаркент, Кеген, Нарынқол шаһарларынан шыққан. Бұл жақтың әуендері құбылмалы, әуезді, құлаққа жағымды келеді. 3. Алтай - Тарбағатай әндері қазақтың ұлттық өнерінің, салт-дәстүрінің бастамасы. 4. Батыс мектебі – Атырау, Ақтау, Ақтөбе, Орал өңірлерінен шыққан. Бұл мектептің әндері көбіне жоғары регистрде жылдам орындалады, домбыра қағысы төкпеге жақын болып келеді. 5. Оңтүстік Қазақстан – сыр елі, жыр елі демекші, көмеймен айтылатын әндер түріне жатқызамыз. Өзім қазіргі таңда Арқа мен Жетісу мектептерінен меңгеріп жүрмін.

- Дәстүрлі әннен өткізілетін байқауларға көңіліңіз тола ма?

- «Шүкір етсең маған, тағы берем саған» демекші, байқау түгілі, дәстүрлі әнді атаудың өзі қиын болған кезеңдерден өттік. Шүкір, қазір көптеген байқаулар жиі ұйымдастырылып жатыр. Мысалы, Әміре Қашаубаев, Жүсіпбек Елебеков, Мәди Бапиұлы, Әсет Найманбайұлы атындағы көптеген байқаулар көңіл толарлық деңгейде өткізілуде. Өз басым осындай сынды байқаулардың барына қуанамын. «Көре-көре көсем боласың, сөйлей-сөйлей шешен боласың» демекші, үлкен сахнаны көргеннен кейін адам шыңдала, қуаттана түседі екен. Әрине қобалжисың, ол заңды. Бірақ «бісімілдә» деп сахнаға шыққан соң Алла өзі бойыңа қуат береді екен. Қазірге таңда дәстүрлі өнерге оң қарап келе жатыр. Көптеген ғалымдардың талқылануына

түсіп, әлемге танылу мақсатымен шет елдерде де өнер көрсетіп, шыңдалу үстінде. Бізден кейін өсіп келе жатқан іні-қарындастарыма айтарым - біздің ұлттық классикамыз, құндылығымыз осы дәстүрлі әнде жатыр. Шетелдің классикалық әуендеріне: опера, скрипка, виолончель тағы басқа аспаптарына қазіргі жастар үлкен көзқараспен қарайды. Ал өзіндегі керемет нәрсені білмей қалып жатады. Сондықтан, біздің қазақ әндеріміз симфониялық оркестрлерімізбен өңделіп, театрлардағы қойлымдарға көбірек қолданылса нұр үстіне нұр болар еді.

- Шетелге шығып көрдіңіз бе? Ол жақта біздің дәстүрлі өнерімізді қалай қабылдайды екен?

- Иә, әрине. Ректорымыз Айман Қожабекқызының бастамасымен екі жыл қатарынан 7-8 мемлекетке барып келдік. Атап өтсек, Австриядағы Вена, Братислав, Венгрия, Сербия, Словения мемлекеттерінде өнерлерімізді көрсеттік. Әлемдік классиканың ортасына барып, Штраус, Моцарттың шығармаларын біздің қазақ ұлттық оркестріміз ойнағанда: «Шынымен біздің шығармаларымызды қазақ аспаптары ойнай алады екен ғой» деп олардың таң қалғандары бар. Сол күнге дейін олар біздің екі-ақ ішекті аспабымыздың әлемдік классиканы ойнауына шамасы келетінін білмеген. Өнер көрсетіп болғаннан кейін, шетелдік көрермен орнынан тұрып қошеметтегенде, не істерімізді білмей абдырап қалған кездеріміз болған. Біздің ән өнеріміз құрылымы жағынан, әуен жағынан ерекше болғандықтан, әрине таң қалады.

- Қазір халық әндерін эстрадалық нақышқа салу үрдіске айналды. Бұл туралы не ойлайсыз?

- Қазақта сөз бар «Орын тапқан ою» деген. Бұл түсіне білген адамға керемет мағыналы сөз. Мен ұлттық классикамыздың шоктығы биік әндерін эстрадаға түсіріп орындауға қарсымын. Бірақ, нақышына келтіріп, әуенін бұзбай, одан сайын гүлдендірсе неге оған жол бермеске? Қазіргі таңда сауатты сазгерлердің жасаған әрлеуі (оранжировкасы), ғармониясы бір-бірімен сәйкес келсе, ұлттық аспаптарымыздың ырғақтары қосылып, құлаққа жағымды әуен сыйласа, оған қарсы емеспін, қайта қуанамын. Бірақ көп жағдайда бұзылып жатады.

- Қазақ эстрадасына деген көзқарасыңыз қандай? Кімдерді тыңдайсыз?

- Қазіргі жастардың көбісі рэп, рок сынды әндерге кетіп қалатын сияқты. Шоктығы биік Қайрат Байбосынов, Бекболат Тілеуханов ағаларымыздан кейінгі Еркін Шүкімән, Рамазан Стамғазиев, Ерлан Рысқали, Ардак Исатаева, Айгүл Қосанова және «МұзАрт» тобын көп тыңдаймын. Себебі, әуендері жағымды, ән мәтіндерінде мағына бар, сөзде мән-мағына болғаннан кейін жүрегіңе жетеді. Тыңдай бергің келеді.

- Қазір екі мамандықта қатар оқып жүрісіз. Қос мамандықтың жүгін арқалау аса қиындық туғызбай ма?

- «Академиялық вокал» мамандығын оқып бастаған кезде, «Сен шатыспа, өзіннің келе жатқан жолың бар» деп талай адамдар қарсы болған. Бірақ менің көздегенім ол емес, қалай болғанда да, академиялық вокалды шамам келгенше меңгеріп, қазақ әндерін симфониялық оркестрге түсіріп, мүмкіндік болып жатса үлкен сахналарда кәсіби түрде орындағым келеді. Түпкі мақсатым екі дүниеден ортақ дүние тауып, қазақ әндерін әлем танытындай үлкен белеске көтеру. Домбырамен ән айтып жүрген бала бірден симфониялық оркестрмен ән айтып кете алмайды. Оның өзіндік мінезі бар. Оны меңгеріп алмайынша ән айтамын деу үлкен қателік. «Екі кеменің басын ұстаған суға кетеді» демекші, әрине қиын. Дегенмен, қос мамандықты меңгеруге бар күш-жігерімді салып жүрмін. Аянып қалмаймын.

- Шабыт фестивалі жайлы бір ауыз сөз. (өту барысы, қиындықтар, қуаныш, қызықтар т.б.)

- Шабыт байқауы әр номинация бойынша екі жылда, үш жылда бір өткізіліп отырады. Мен Қазақ Ұлттық Өнер университетіне 2014 жылы оқуға түскеннен кейін, Шабыт фестивалінде алғаш 2015 жылы бағымды сынап көрдім. Сол кезде бас жүлде аламын-ау деген ой да болмап еді. Дегенмен, іштей қайтсем де мен осы өнерге аяқ басқан екенмін, жетістіктеріне жетемін деген ойлар болатын. Биылғы жылы өткізілетінін есті сала, қатысамын деп бірден шештім. Аталмыш фестивальдің бір қызығы - қиындығында. Алдыңғы жылдардағы талапта біздің әншілер алты әнге толықтай дайындалған болса, биылғы жылғы талапта біз отызға жуық әнге дайындалдық. Себебі, осы жолғы байқау талабында бірінші кезеңде айтылатын ән міндетті түрде халық композиторларының әндері, екінші кезеңнің қиындығы бес мектепті құрайтын жиырма бір әнді орындауымыз керек болды. Әр қатысушыда «билет сұрақтарына қалай жауап берер екенбіз?» деген қобалжулар да болды. Өйткені, әншілерге білмейтін әндерінің түсіп қалғаны рас. Өз басыма, Алтай-Тарбағатай әндері келді. Бағыма орай, өзімнің кіндік-қаным тамған жерім болғаннан кейін сүрінбей өттім. Мысалы, мен Арқаның әншісі болсам, батыс өңірінің әндері жанымға жақын болмағандықтан, биік шыңына

жеткізіп орындау қиынға соғар еді. Осы жері психологиялық жағынан аса қиынға соқты. Бұған дейінгі Шабыт фестиваліне отыз, қырық адам қатысатын, ал биылғы фестивальге тоғыз-ак адам қатыстық. Менің ойымша бұның себебі, нағыз мықтының мықтылығы сол жерде байқалады. Байқау талаптарымен танысып, біраз кері шегінгендер бар болар. Қазір ойланып қарасам, осындай байқауларды күрделілендіріп өткізбесе, қалай дамимыз деген сұрақ туындайды. Қазір мен батысқа барсам, сол өңірден жоқ дегенде бес-алты ән біліп отырамын. Сырға барсам, сырдың жырын айта аламын. Жалпы бұл байқау барлық қатысушыларды жан-жақты болуға үйретті.

- Өнер адамдарының бойында қандай қасиеттерді іздейсіз?

- Өнер адамының бойынан ең бірінші – адалдық, ішкі жандүниесінің тазалығын іздеймін. Ішкі жаны таза емес адамнан таза өнер шығады деп ойламаймын. Екіншіден, білімділік. Білімі жоқ, санасы бос адамнан құнды өнер шықпайды. Әнді түсініп айту бар, және оны жеткізіп айту тағы бар. Қазіргі таңда біздің дәстүрлі әніміздің ақсаңдап жатқанының бір себебі осы. Халыққа дұрыс ұсына, ұғындыра алмайтынымызда. Дұрыс жеткізе білсек, міндетті түрде жүрекке жететініне менің титтей де күмәнім жоқ.

- Сізді жиі толғандыратын қоғамдық мәселе...

- Мені тіл мәселесінің тыс қалып жатқаны жиі толғандырады. Одан кейінгі мәселе – терроризм. Жастарымыз теріс бағытқа бастайтын ағымға еріп кетпесе екен деп ойлаймын. Осы мәселелерді қатаң түрде қолға алса екен деп тілеймін. Айналып келгенде, ата-әжелеріміздің ақылын тыңдағаннан артық ештеңе жоқ.

- Көп рахмет. Дәстүрлі әндерімізді әлемге паш етіп, өнерде биік шыңдардан көріне беруіңізге тілектесііз!

Сұхбат барысында Қазақстанның халық артисі, дәстүрлі әнші Ербол Сарин мен Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Махмұт Тойкенов сияқты ұстаздарына деген құрметінің зор екенін ерекше ілтипатпен жеткізіп отырды. Ұстаздарын ұлықтай білген талантты шәкірттерінің мәртебесі қашан да биік болсын!

Әйгерім ДҮНГЕНЕНОВА
«Театртану» мамандығы 3 курс



Презентован первый казахстанский офис на American Film Market

С 1 по 8 ноября 2017 года в Санта-Монике состоялся 38-й Американский кинорынок/American Film Market (AFM). В нём приняли участие более 1000 производственных компаний и 400 дистрибьюторов.

Кинорынок — это фактически деловая выставка-ярмарка, где предметом презентации и купли-продажи является кинопродукция. Кинорынков на сегодняшний день существует невероятное множество — как локальных, так и международных, они проводятся на ежегодной основе в самых разных странах мира.



American Film Market — один из знаковых «ярмарок» для кинематографистов со всего мира. Именно здесь, по отзывам участников прошлых лет, «Собираются все, в том числе и те кинематографисты, познакомиться с которыми вы всегда мечтали, но встретить которых можно только здесь». Поэтому представление в этом году первого казахстанского офиса на American Film Market имеет первостепенное значение для отечественной киноиндустрии.

«Я рада представить Первый казахстанский офис на American Film Market в Лос-Анджелесе» — сказала в своей приветственной речи Айман Мусахаджаева, президент Академии кинематографических искусств и наук Казахстана, ректор КазНУИ. Мы привезли казахстанскую кинопродукцию, созданную за последние 2 года, это фильмы как «Казахфильма», так и независимых продакшн студий, к примеру, «Алмазный меч» Рустема Абдрашева, «Оралман» Сабита Курманбекова, «Она» и «Районы» Акана Сатаева. В нашем офисе на AFM мы представляем Национальную академию кинематографических искусств и наук Казахстана, «Казахфильм» и Международный кинофестиваль «Евразия».



Как отметила Айман Мусахаджаева, казахстанские картины на AFM вызвали большой интерес, по разным видам прав: от продажи для проката в кинотеатрах и телевизионных прав до видео по запросу. Уже есть информация по предварительным продажам картин.

Во время American Film Market президент Национальной киноакадемии Казахстана Айман Мусахаджаева встретила с директором выставочных услуг американского кинорынка Холли Сорттом (Holly Sortomme), рассказала о казахстанском кинематографе и его успехах, а также пригласила Холли принять участие в работе кинорынка Международного кинофестиваля «Евразия» в 2018 году.



Казахстана на AFM Диана Ашимова, которая, в свою очередь, провела для коллег из зарубежья обзорный экскурс в мир казахского кино и рассказала участникам и гостям кинорынка AFM о победах на Международных кинофестивалях.



NYFA и КазНУИ заключили соглашение о сотрудничестве

22

Киноакадемия NYFA (New York Film Academy) и КазНУИ заключили соглашение по обмену студентами в рамках программы академической мобильности, а также проведению мастер-классов.

Соглашение, подписанное ректором КазНУИ Айман Мусахаджаевой и директором Лос-Анджелесского отделения NYFA Деном Маклером, сразу же нашло своё конкретное продолжение, а именно в первой сертифицированной стажировке преподавателей кафедры «Кино и ТВ» Абдикаримова М. и Тайшанова Т. в NYFA.

Директор Лос-Анджелесского отделения NYFA Ден Маклер вручил Сертификаты о прохождении стажировки педагогам КазНУИ Талгату Тайшанову и Мейрамбеку Абдикаримову и пожелал успехов кафедре «Кино и ТВ».

«Опыт и знания, полученные во время прохождения стажировки мы обязательно применим в своей учебной практике — отметил Талгат Тайшанов — Нам также было приятно встретиться со студентами из Казахстана, которые проходят обучения в NYFA и обсудить с ними вопросы, касающиеся кинообразования в киношколах Казахстана».



Дни культуры и кино казахстана В лос-анджелесе



20 11 am
NOVEMBER

KYZ-ZHIBEK



21 11 am
NOVEMBER

THE SPIRIT OF THE GREAT STEPPE



22 11 am
NOVEMBER

THE SKY

KAZAKHSTAN CINEMA IN LOS ANGELES

SPIRIT OF THE GREAT STEPPE

NEW YORK FILM ACADEMY
College of Visual & Performing Arts
100 UNIVERSITY DR. MANHATTAN, CA 91761
FREE ADMISSION

РУХАНИ ЖАНҒЫРУ

SPIRIT OF THE GREAT STEPPE

20 ноября текущего года в Лос-Анджелесе прошло торжественное открытие «Дней культуры и кино Казахстана», проходящего в рамках программы «Рухани жаңғыру». Мероприятие состоялось в театре Сабан с показа фильма Акана Сатаева «Дорога к матери».

Почетными гостями мероприятия стали: Посол Казахстана в США Ержан Казыханов, Министр культуры и спорта РК Арыстанбек Мухамедиулы и Президент Академии кинематографических искусств и наук Казахстана Айман Мусахаджаева, Народный артист СССР и Казахстана Асанали Ашимов, Народный артист РК Куман Тастанбеков, Заслуженная артистка РК Меруерт Утекешева, а также видные деятели американского кинематографа, такие как Дэвид Францони (сценарист фильма "Гладиатор") и Джон Малкович.

«Дни культуры и кино Казахстана в США» проходят не впервые, и это событие, несомненно, останется в истории культурных отношений между нашими странами!», — подчеркнул министр культуры и спорта РК Арыстанбек Мухамедиулы.

Открытие «Дней культуры и кино Казахстана» началось с показа фильма «Дорога к матери» режиссера Акана Сатаева. Со сцены прозвучали слова приветствия Министра культуры и спорта РК Арыстанбека Мухамедиулы, Посла РК в США Ержана Казыханова и Ректора КазНУИ Айман





Мусахаджаевой. Затем состоялся торжественный концерт с участием Народной артистки РК Айман Мусахаджаевой, лауреата международных конкурсов Едилы Кусаинова, Димаша Кудайбергенова и Евразийского симфонического оркестра КазНУИ, ансамбль домбристов «Шабыт» и ансамбль скрипачей «Айголек».

«Показы казахстанского кино за рубежом — это имиджевое представление Казахстана, для сотрудничества в сфере кинематографии между странами, возможность знакомства зарубежной общественности с нашей страной», — отметила Народная артистка РК Айман Мусахаджаева.

В рамках данного мероприятия в период с 20-22 ноября американские зрители, также смогли посмотреть классику отечественного кино «Кыз Жибек» режиссера Султан-Ахмет Ходжикова, исторические картины «Небо моего детства» и «Казахское Ханство. Алмазный меч» режиссера Рустема Абдрашева.

Мероприятие проводится совместно с посольством Республики Казахстан в США, Министерством культуры и спорта РК и Академией кинематографических искусств и наук Казахстана. Культурное событие носит название — Spirit of the Great Steppe — «Дух Великой Степи», главной целью которого является знакомство американского зрителя с богатым национально-культурным наследием Казахстана.



«20 жылдыққа — 20 сабақ»

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың тікелей бастамасымен ашылған Қазақ ұлттық өнер университетіне 2018 жылы 20 жыл толады. Осы мерейтой қарсаңында университетіміздің кітапханасы жастар арасында кітап оқуды сәнге айналдыру мен бәсекеге қабілетті тұлға қалыптастыру мақсатында «20 жылдыққа — 20 сабақ» жобасын жүргізе бастады.

Сабақ кітапхананың мерзімді басылымдар залында әрбір сәрсенбі күндері өткізіліп келеді. Алғашқы сабақта Қазақстан Республикасының Кинофотокұжаттар мен дыбысжазбалар архивінің қорынан алынған кинохроника көрсетуден басталды. Сабақ Архив тарихына қысқаша тоқталып өтіп, 1927-1930 жылдары «Востоккино» студиясы түсірген қазақтардың тұрмысы, Алматы қаласының көрінісі, Түрксибтің салынуы туралы фильмдер, XX ғасырдағы қазақ мәдениеті мен өнерінің киножылнамасы көрсетілді. Яғни, аталмыш шараның шымылдығын қазан айының 8-күні кітапхана басшысы Ғазиза Исахан ашқан болатын.

Екінші сабақты 15 қарашада «Шығыс даналары: Конфуций, Фараби, Баласағұни» тақырыбында «Қазақстан тарихы және гуманитарлық пәндер» кафедрасының аға оқытушысы Ермағанбетова Құралай Серғабалқызы жүргізін, шығыс даналарының ілімі, рухани құндылықтары мен өмірлік ұстанымдарына тоқталды.



Келесі сабақты 22 қарашада «Әкім Таразидің «Тұлпардың ізі» деректі фильмі қалай түсірілді?» тақырыбымен кинотанушы, профессор Нәзира Рахманқызы жалғастырды. Нәзира апайымыздың дәрісінен фильмнің түсірілу тарихы, сценарийдің қалай жазылғаны туралы көптеген қызықты мағлұматқа қанық болдық. Сіздермен де сол мағлұматтардың біразымен бөліскім келіп отыр.

«Тұлпардың ізі» фильмінің сценарийі ең алғаш «Жазира» деп аталған екен. Мәскеуде Жоғарғы сценарлық курста оқып жүрген Әкім Әшімов ағамызға Мәжит Бегалин, Ефим Арон, Сұлтан Қожықов, Шәріп Бейсембаев сынды белді тұлғалар «Фильм түсірейік» деп ұсыныс тастайды (оның бір дәлелі ретінде Нәзира Рахманқызы Е.Аронның 1962 жылдың 2-ші акпанда «Қазақфильм» директорының атына жазған

өтінішінің көшірмесін көрсетті). Әлі сценарлық курсты тәмамдамаған жас драматургке осындай көп ұсыныстардың түсу себебі — сценарийдің стилистикасы, тақырыбы, кейіпкерлері мен ауыл бейнесінің өзге қырынан көрсетілуі болды. Бұл қазақ киносы үшін тың жаңалық болған еді. Сценарийдің ең алғашқы нұсқасы біздің қазіргі көріп жүрген «Тұлпардың ізі» фильмінен өзгеше болған. «Қазақфильм» киностудиясының сценарлық коллегиясында үш рет талқылаудан өткен «Жазира» сценарийі төртінші рет талқылауға салынғанда аты «Вижу Венеру» деп алмастырылады.

«Вижу Венеру» сценарийінің алғашқы нұсқасынан өзгешелігі — ауылдың атмосферасы, кейіпкерлердің бейнесі, олардың мінез-құлқы, болмысы тұрғысынан көптеген өзгерістер енгізіледі. «Вижу Венеру» сценарийі уақыт өте келе, кейбір тұстары ғана өзгертіліп, «Тұлпардың ізі» фильмінің негізіне айналады.

Нәтижесінде белгілі жазушы, драматург Әкім Таразидің «Тұлпардың ізі» сценарийі қазақ киносының «алтын қорына» енген классикалық фильмнің (режиссері — Мәжит Бегалин) дүниеге келуіне себепкер болады.

Университет кітапханасы жасап жатқан «20 жылдыққа — 20 сабақ» атты игі бастаманың арқасында біз, студенттер, тағлымды кездесулерден сан түрлі мәліметтер алып, білімімізді шыңдап келеміз.

29 қарашада өнертану ғылымдарының кандидаты, доцент Ардақ Кеңесқызы Юсупова «Әбілхан Қастеев және Қазақстандағы бейнелеу өнері» тақырыбында студенттерге қазақтың әйгілі кескіндемешісі, график-суретші, қазақ бейнелеу өнерінің негізін салушылардың бірі Әбілхан Қастеевтің өмірі мен шығармашылығына кеңінен тоқталып, беймәлім фотосуреттер мен кескіндемелерімен таныстырды.

6 желтоқсанда кезекті сабақ жазушы, қоғам және мемлекет қайраткері. Қырғызстанның халық жазушысы Шыңғыс Айтматовтың 90 жылдығына орай «Айтматов сабақтары. Философиялық сағат» тақырыбымен Тұрсынай Мырзабекқызы Кунекова жүргізді. Айтматов шығармаларының әлем

жазушыларымен сабақтастығы туралы ой қозғалды, фильмдерінен үзінді көрсетілді, шығармаларынан қысқаша үзінділер оқылды, студенттер өз пікірлерімен бөлісті.



13 желтоқсанда кезекті дәрісті «өнертану» кафедрасының оқытушысы Ұларбек Нұрғалымұлы жүргізді. Қазақстан Республикасы Тәуелсіздік мерекесі карсаңында «Ә.Тарази шығармаларындағы тәуелсіздік» атты тақырыбында Әкім ағаның прозасындағы қазақ кейіпкерлерін қазақ болмысымен салыстыра отырып талқылады.

Бұл сабақта Ұ.Нұрғалымұлы жеке адамның санасындағы тәуелділік жайлы Ә.Таразидің астарлап жазған «Тасжарған», «Қорқау жұлдыз» романдарына тоқталып, мағынасын кеңінен ашып, алып жазушының шығармашылығына тереңірек үңіліп түсіндірді.

20 желтоқсанда белгілі журналист Б.Құсанбектің «Өмір-өзен. Төлен Әбдік» туралы хабар көрсетілді.

Осындай рухани іс-шараны біздер үшін ұйымдастырып, біздердің жан-жақты болып қалыптасуымызға мұрындық болып жүрген кітапхана басшысы Ғазиза Тұрмағанбетқызына алғысымызды білдіреміз!



ОҚЫ! ЖАСА! ТАҢҚАЛДЫР!

Ақпараттық-кітапхана қызметі «Әдебиет порталымен» бірігіп «20 жылдыққа – 20 кітап» жобасы аясында жастардың кітап оқу мәдениетін қалыптастыру және шығармашылық деңгейін арттыру мақсатында «Оқы. Жаса. Таңқалдыр» атты байқау жариялады.

Байқауға қатысушылар осы «20 жылдыққа – 20+2 кітап» жобасында көрсетілген кітаптарды оқып шығып, ұнаған шығарма желісінде киносценарий, поэзия, эссе, драмалық және музыкалық шығарма, сурет, мүсін, қысқа метражды фильм (ролик, трейлер), фото тағы басқа жұмыстарды 2018 жылдың 1 наурызына дейін тапсырылуы тиіс.

Бұл жоба сіздерге арналады, құрметті студенттер! Жүлделі болуға асығайық! ІСКЕ СӨТ!

Байқау ережесімен Сіздер кітапхананың <http://kaznuilibrary.kz> сайтынан немесе кітапханада оқып таныса аласыздар.

Еңлік ЕҒЕУБАЕВА
«Кинотану» мамандығы 1 курс



Үміт аренасы

Ауылдағы жалғыз құдық. Су толтырып алуға келген сансыз ауыл тұрғындары. Жастары басым, кәрісі де жоқ емес. Құдық басында орта жастағы әйел. Бар күшімен совет салған темір құдықтың тұтқасын басып тұр. Оның шелегіне жарты литрдей ғана су құйылып, тоқтап қалды. Тұтқаны қайтадан басты, қорылдаған ауаның дыбысы ғана. Кезектегілер гүрілдей жөнелді. Кәрілері кеңес кезін жақтаса, жастары даттап дүрбелең басталды. Манағы әйелдің алған суы соңғы су дегенге ешкімнің сенгісі келмейді. Арам ойдың жетегіне барлығы еріп

барады. Шелектегі суға жапатармағай жармаса кетті. Күнде көрші болған, араларынан қыл өтпестей тату дос болғандар ендігі адамгершілік дегенді бір жаққа ысырып қойып, соңғы суға таласып, бет жыртысып жатыр. Ала қашқандарын алысқа ұзатпай ұстап алады. Қажыры мен қайраты жоқтары жығылып жатыр, бұған қарсы, қабілеттілерінің құлап жатқандарда шаруасы жоқ. Бұларды итермелеген не, үміттің болмауы ма? Жылпыңдау жастар бірінші болып суға жетпекші, ал қарттары қайтпек, олардың амалы қандай? Кәрі деп шетке ысырып қоямыз ба, өмірдің алмакезек екенін ескеретін сәт осы. Ендігі оқиға соңғы үміттің, халықпен бірге шөлдеген қара топыраққа төгіліп, сіңіп кеткен кезі. Ендігі істер амалдары қалмады. Бұларға үміт пен сенім патшалығынан телегей теңіз суды төгіп келіп жіберер ме еді. Ондай құдірет адамзатқа бұйырмаған. Сөнген үміт, таңырқап, орындалмағанына өкінген әрқайсының арманы, үйіне қайт, енді әркім өзімен өзі болады деп жетелеп кетіп барады. Бұлар бұл істегендеріне іштей өкіне ме? Сол суға біреуі ие болып жатса қайтер еді? Бар болғаны жарты литр. Қанша уақытқа жетеді? Ол біткен соң өмір не болады? Жарты литр жарты абыройдан айырмай ма?! Бұл сұрақтар мен ішкі толғаныстар әрқайсысының көкейіне жанайқай боп сіңіп жатыр. Бұлардың суы болмағанымен, бірлік атты құламайтын биік туы болған. Оның құлауына кешегі болған оқиға себеп болды. Енді ауылдың қызу тіршілігі құрғап қалған. Арланғандары көрші қолаңнан ұялып көшеге шықпай, үйінде отыр. Олар арланғандар емес, амалы қалмағандар. Ыстық пен құрғақтан құтылудың жалғыз жолы осы. Бүкіл ауыл бір-бірімізден ұялып жүрміз деген қате пікірдің жамылғысын жапқан. Бұл күндіздің амалы ғана. Кеш батысымен салқын түседі. Жұрттың құрғақтан қорғануының жалғыз амалы малының сүті болмақ. Мал басы көптерінің үміт жібі біршама ұзындау. Малы аздардың, қай тұстан қарасақ та қолы да қысқа, амалы да аз болмақ. Ол әрқашанда солай. Адамның күні де енді малдың күнімен теңесті. Біле білсеңіз малға да су қажет болады. Келесі күні малдың іштері кепкендері біртіндеп теңкие бастады. Ендігі малдың саны маңызды емес, сапасы алдыңғы орында. Күйлілері біразға шыдауы мүмкін. Бірақ ол да дәлелденбеген. Үміт тағы да су сепкендей басылды. Бірақ судың жоқтығы қынжылтады. Бұл ауылда бір шал бар еді. Алдында болған ұятты жағдайда кезектің соңында тұрып қалған. Аздаған мал басы бар. Менің көршім. Бірақ жалғыз. Советтің тікелей өкілі. Шал болғанымен бір бәйге алатын қайраты бар. Осыдан екі күн бұрын неге шаппады екен? Бәлкім бәйге алар ма еді. Сабырлы ғой. Сондықтан болар, тысқары қалған. Сол кезде шалда үміт болмады ма? Қартайғанда қайтемін дегені болар. Бұл күнде үйінде болмайды, таң ата кетіп келесі таңда оралады. Жаспын ғой, қызықтым. Қартайғанында қаңғыйтындай бұның маңызды несі бар? Қатардағы қарт арғыны ойлап жүр. Мұның әрекетінің мен үшін сұрағы көп. Ауылдың алыс маңда шұңқырлау жер бар. Бұл да сонда барғанды ұнатады екен. Қызығушылығым жетелеп келеді. Мен еріксізбін. Көргенім таң қалдырды. Қасына топырағы үйілген шұңқырға шал түсіп кетті. Енді бастағаны айдан анық. Сол сәттегі менің ойым сіздердікімен бірдей болуы мүмкін. Жалғыз ғой. Арғының қамы деп ойлағанмын. Менің келгенім оны таң қалдырғанымен

коймай, үміт пен шаттық сыйлаған секілді. Үміті- бастағанын аяқтайтын болар дегені шығар. Ол елден тысқары, шұңқырдан құдық қазып жатыр. Ешкім білмейді. Оны сұрап жатқан да ешкім жоқ. Себебі жалғыз. Бірақ, жалғызбын демейді. Шұңқырдан қазғаны, суға жақын болайын дегені. Мен оның жанынан қалмайтын болдым. Құдық тереңдеген сайын біздің үміт құсымыз қанатын тағы бір қағып қояды. Мен алғашқыда бақылаушы болатынмын, төбеден қарап тұратынмын. Өмір алмакесек. Енді оған көмектесіп, топырақты тартып шығаратын болдым. Бұл күндері менің көкейімде, егер құдық тереңдесе ол топырағын өзі шығара ма деген сұрақ болды. Өзімнің керек екенімді сезінгенім, менің жаныма медет болған жалғыз дүние. Күндер өтіп жатыр, біз де тереңге бойлап барамыз. Үміт бәйгесінің тұлпары арқасына қондырып, шаршау дегенді бізге сездірмей келе жатыр. Күн түнмен алмасады. Бірақ демалу дегенді білмейтін шал үшін, күн шуағы түспейтін терең құдықтағы қараңғылық мәңгілік түнмен тең. Тереңдеп барамыз. Екеуімізді бұл күндерде шөлден құтқарған шалдың малының жиналған сүті болатын. Ол өзгелерден озды. Күнделікті қажеттілікпен өмір сүруді дұрыс деп есептейтіндерден. Біраз күн өтті. Құдықтың түбі көрінуден қалды. Шал да көрінбейді. Ол арманының соңынан кетіп барады. Тоқтатудың қажеті жоқ. Пайдасы барлығына тиюі мүмкін. Бүгін таңертең үмітпен қайттық. Құдықтан шыққан тас дымқылдана бастаған. Үмітіміз тағы биікке қарай ұмтыла берді. Өзгелерге қарағанда бізде үзілмеген үміт бар екені қуантады. Дәл бұрынғыдай басталатын кезекті күн. Асығып келдік. Шал арқанмен құдыққа түсіп кетті. Түбі көрінбейтін терең. Оның тасқа соғылған күрегінің дыбысы әлсін-әлсін жоғары көтеріліп келіп сыртқа шықпай, жұтылып қалып жатыр. Мен сыртта отырмын. Көкейімді сансыз арман билеп алған. Су шығып, жұрттың бәрі маған алғыс білдірсе деген бала арман ол. Орындалмасын кім білген? Үйреншікті әдетпен, болды ма деп арқанды сілкіп қоямын. Жауап жоқ. Әдетте ол да сілкіп жауап қататын. Төменге қарай басымды сұғып айқайлап та көрдім. Ешқандай белгі жоқ. Менің үмітім мені алдағаны ма? Бағанағы армандар қайда? Олардан бұрын мені шалдың халі толғандыруы керек емес пе? Ол неге үнсіз? Әлде менсіз қуанып отыр ма? Екеуіміздікі бір арман мен бір үміт еді ғой? Менің үмітім үзілді. Сол уақытта мені толғандырғаны менің емес, менен гөрі арман асуы біршама жоғары болған шалдың үміті еді. Ол өз ғұмырында кім болды? Өмірінің осымен бітерін сезгендей, артынан із қалдырғысы келгені ме? Бірақ, ол үміттің құсын аш қасқырдай болған аңшының біреуі атып алды. Үміт елі ол үшін темір қақпасын тарс жауып құлыптап қойды. Қараңғыға мойынұсынбаған қос сәуленің біреуі сөніп барады. Кетуім керек. Мен шаршадым. Алдамшы үміттен шаршадым. Сәулесін төгіп, өзіне баурап жетелеп шынға шығарып, төмен қарай лақтырып жіберетін алдамшы үміт ол. Қартайғанында су іздеймін деп ауаның жоктығын байқамаған шалдың жанайқайы осы болмақ. Шалды тосып таң атқанша отырдым. Мен шаршадым. Алдамшы үміттен шаршадым. Ол шықпады. Біздің үміт үзілді. Енді қайтуым керек. Үмітінің шыңынан тұңғиығына бірақ құлаған шалдың үстіне бір уыс күрек топырақ шаштым. Оның армандары мен үміті сол құдықтың ішінде өзімен бірге қалды. Осы уақыт ішінде маған үміт сыйлаған адам өзінің үміт аренасында жеңіліс тапты.



Ерден КАБДРАШИДОВ

Т.Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық өнер академиясы
«Кинотеледраматургия» мамандығы 4 курс

Студенческий вечер в Доме студентов

18 ноября в Доме студентов состоялся вечер, посвященный Международному дню студентов. На мероприятии подвели итоги конкурса «Лучшая квартира осени» и состоялся конкурс «Лучший повар», где студенты показали навыки в кулинарии.

По итогам обхода по общежитию членами Студенческого совета, а также сотрудниками отдела по воспитательной работе, были выявлены победители по номинациям: «Лучшая квартира осени», «Образцовая квартира», «Лучший староста». От имени Ректора КазНУИ были вручены Грамоты и ценные призы: телевизоры, пылесосы, настенные часы, настольные лампы, набор посуды, и т.д.

Победителями в номинации «Лучший староста» стали:

Тишбаев Раимбек 1 курс вокал кв.6/17

Азнабаева Молдир 2 курс сценография кв.21/65

Ахметов Ельдос 3 курс духов. инструменты кв.9/35

Победители номинации «Образцовая квартира»:

кв.11/42

кв. 15/64

кв.18/77

Победители в номинации «Лучшая квартира»:

кв. 19/85

кв. 4/10

кв. 21/95



К конкурсу «Лучший повар» основательно подготовились 6 участников: Шамей Тлек, Капият Аяулым, Ережепов Жумагали, Омирбаев Ержан, Данияр Балнур, Нысанбаев Рауан. Конкурсанты приготовили такие изысканные блюда как «Лазанья с огурцами», «Фаршированный перец», «Мясо по французски», баурсаки и даже «Бешбармак». Лучших поваров ждал приз из кухонных наборов и грамот от имени ректора.

В честь Дня студентов состоялось награждение активистов Студенческого совета, которым от имени Ректора А.К. Мусахаджаевой были вручены Благодарственные письма за вклад в развитие университета. За первые три месяца учебного года эти ребята организовали ряд масштабных и важных для университета мероприятий. Так же на вечере были игры,

розыгрыш лотереи с призами и конечно же дискотека.

Студенческий совет КазНУИ от имени всех студентов выражает огромную благодарность Ректору, профессору Айман Кожабековне Мусахаджаевой за поддержку и создание идеальных условий для проживания студентов в общежитии!



Welcome to astana шабыт шақырады

Қыздар бар ғой бір... Болмысы бөлек, ортасы басқа, ауқатты отбасынан, брендпен киініп, шетелге жиі саяхаттайтын. Сұлу әрі суық. Мінезін түсініп болмайсың. Күліп тұрып күңірене салатын, жабырқап тұрып жадырай салатын. Сырттан қарағанда адам менсінбейтін тәкәппар болып көрінгенімен, араласа келе айрылысқың келмей қалады. Міне, Астананы осындай бойжеткен бейнесінде сипаттар едім...

Тәжірибе алмасу мақсатында күздің күні Астанаға арқаланып келіп қалдық. Алғашқы сәттен-ақ, суық райымен қарсы алды. Жатырқадық, жабырқадық, нәзікпіз ғой, жылап та алдық. Бірінші курстың балмұздақтары ұқсап, әрбір нәрсеге таңырқаумен қарап жүрдік. Бағымызға орай, ЭКСПО-ның соңғы күндеріне тап келіп, тарихи сәтке куә болдық. Қырсыққанда сабақ та кеш басталды. Бәрін көруге асықпыз.

11 қыркүйек. 611-аудиториядағы бірінші дәріске алғашқы қоңырауға келген оқушылардай қобалжумен, асығып келдік. Алдымыздан жаз дидарымен жадырап шыға келген Нәзира Рахманқызын көргенде, толқыныстың бәрі артта қалғандай болды. «Жақсы адамның жүзіндегі жымыс қандай әдемі», дедім ішімнен. Бірте-бірте бұл жақтың да екпініне еніп, үйренісе бастадық. Басында жат көрінген жатахана мен университет арасындағы жолдарды да жатырқамайтын болдық. Жатақхана – жақсылармен жақындастырып, жаңа достарға жолықтырды. Таныстығымыз кино көрсетілім, шеберлік сағаттары мен естілер жиналатын Ес-Аймақта жалғасын таба түсті.

Тек бір ғана өкініш... Дәрісінен өнер мен өмірге керекті азық беретін, шеберлігімізді шындап, мамандығымызға деген махаббатымызды молайтатын нағыз маманның кенеттен кетіп қалуы. Сол кісінің сабағына қатысып, біз де «Мырқымбай» болуды осыншама армандап келген едік. Бауыржан Рамазанұлының шәкірті болу бақыты бұйырмағаны қынжылтады. Алайда, о кісінің көзін көрін, тәлімін алған жандармен бір сәт шүйіркелесудің өзі бір бақыт.

Өнер университетін Өнердің қара шаңырағымен салыстыру қате болар. Әр жақтың өзіндік, әуел бастан қалыптасқан қағидасы мен жұмыс жүйесі бар. Бірақ та, өнер адамдарына қалаумен, жүреппен жұмыс жасаған молырақ жетістік әкеледі. Осы турасына келгенде, мұндағы оқытушылар мен студенттер арасындағы еркін қатынасты жоғары бағалар едім. Қоры мол, қолайлы, барлық жағдай қамтамасыз етілген кітапхана да көңіл марқайтады.

Миллиондаған жүректердің иесі мекен еткен үлкен мегаполистен келген біздер үшін – Астана алақандай аймақ болып көрінді. Бұл – өзіңді жайлы сезініп, жаның қалаған нәрсемен еркін айналысуға мүмкіндік беретін маңғаз мекен. Нағыз шығармашылықпен еркін айналысуға болатын қолайлы қала. Қасиетті Арқаның жері бойына ерекше серпіліс дарытып, шабыт сыйлайды. Ғұмыр құмырама қуаныш құйып, тәттілігімен тербеп, тәжірибе жинақтатып жатқан осы қалаға, осы ортама ризамын.

Елорданың жүйіткіген желі мен адуынды аязды күні келіп жетсе де, Алматыға асығып жүргеніміз жоқ. Қоштасу қиынға соғатын сияқты. Бас қалаға бауыр басып үлгеріппін.

Айжан ЕСЕНГЕЛДІ

Т.Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық өнер академиясы
«Кинотану» мамандығы 3 курс

WELCOME TO ASTANA



Жаңа достар таптық...

Бүгінгі таңда Қазақстанның мәдениетіне зор үлес қосып жүрген өнер қайраткерлерінің түгелдей дерлігі қара шаңырақ Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық өнер академиясының түлектері болған. Сол түлектер қазіргі күні шынға жетіп, өз істерінің хас шеберлері болып отыр. Жас маман үшін білім алып, өзін шыңдаған оқу орны әрдайым ыстық болып тұрары рас. Себебі ол қандай мамандық болмасын адамның алға қояр мақсаты мен мүддесін анықтап, арманға апарар жол сілтейді. Мен мектеп қабырғасында

оқып жүргеннен-ақ өмірімді өнерден басқа ешқандай саламен байланыстыра алмадым. 2016 жылы Т.Жүргенов атындағы ҚҰӨ академиясына құжаттарымды тапсырдым. Асығым алшысынан түсіп, киелі қара шаңырақтың студентіне айналдым. Сонымен студенттік өмірімнің алғашқы жылын аяқтар кезде академия тарапынан Елордамыз Астана қаласындағы Қазақ Ұлттық Өнер университетіне тәжірибие алмасып келу мақсатында, студенттерді жарты жылға жіберетіндігі туралы ұсыныс түсті. Мен бұл жоғарғы оқу орнына аса қызығушылықпен қарайтынмын рас еді. Сұлулығына көз сүрінер Астана қаласына одан ары көрік беріп тұрған өнер ордасында білім алу қай-қайсының болмасын арманы деп ойлаймын. Сондықтан, берілген мүмкіндікті жіберіп алмау үшін, қуана бірден келістім. Сонымен, қыркүйек айын күтпей Астанаға жол тарттым. ЭКСПО-2017 халықаралық көрмесінің аяқталу уақытына байланысты оқу он екінші қыркүйек күні басталды екен. Әрине, алғашқыда жас қалаға бірден үйреніп кете алмадым. Алайда, білім ошағының табалдырығын аттағаннан кейін, өнердің атмосферасын ерекше сезіндім. Қазақ Ұлттық өнер университетінің «Театр, Кино және ТД» факультеті, «Өнертану» кафедрасындағы «театртану» мамандығының ұстаздары мен студенттерді бізді жылы қарсы алды. Университет пен академияның оқу бағдарламаларын салыстыра қарасак, айырмашылықтары аздап бар. Тек қана оқу бағдарламасында ғана емес сонымен қатар студенттердің көзқарастары мен талғамдарында да өзгешеліктерді байқадық. Оқудың бірінші күні үлкен өмірге алғашқы қадамдарын жасап келген студенттерге арналған концерт ұйымдастырылған болатын. Алайда біз күнделікті көріп жүрген эстрадалық әндерді естігеніміз жоқ. Керісінше классикалық симфониялар және ұлт аспаптардың сүйемелдеуімен қазақы әуендерді, яғни «Дәстүрлі ән» кафедрасы бар болғандықтан, домбырамен шырқалған халық әндерін көп тыңдадық. Әрине, жаңа ортаға бірден бауыр басып кетпеген соң, басында Алматыға, Академияға деген сағынышым болғаны рас. Кейін, Өнер университеті ішінде бірінен кейінгі бірі өтіп жатқан іс-шараларға, концерттерге қатысып, ерекше әсерленіп жүрдім. Ал қазір уақыттың қалай зымырап өткенін де байқамай қалыппын. Расын айту керек, мен көп мағлұматтармен қанығып, білімді жетілдіре түстім. Қаншама өнер адамдарымен таныстым. Ең бастысы, Астанаға келгенде негізгі мақсатым: біріншіден Жастар театры мен Қаллеки театрын көргім келді. Аз уақыт ішінде барлық спектакльдерді көріп үлгермесем де, мақсатыма жеттім деп ойлаймын. Қазіргі уақытта бұл жерде Т.Мейрамов, Ж.Мейрамова, М.Өтекешова, А.Омар, С.Мақұлбеков сынды көптеген ұлағатты ұстаздар қызмет етуде. Өзімнің әсерімді қағаз бетіне түсірген кезде, бұл университетке келген басқа да академия студенттерінің «Шабыт» туралы қысқаша ой-пікірлеріне қызыққан едім. Ойымен бөліскісі келген академия жастары аз болған жоқ. Оның ішінде өз сезімін ерекше жеткізген Өнертану студенттері еді. Театртану мамандығының 3-курс студенті Алкеева Бейбіт: «Алғаш келгенде солтүстік астананың талантты жастары мен білікті ұстаздарын аздап жатырқап, қара шаңыраққа қайтуға асыққан сәттерім болды. Бірақ бар-жоғы екі айдың ішінде «Шабыт» жастарының шығармашылық еркіндігі, ұстаздардың берген бағыты көңілімнен шығып, келген ортама сіңіп кеттім. Тәжірибелерімен бөліскен түлектер, білгенін барыншы үйретуге тырысқан ұстаздарға алғыстан өзге айтарымыз жоқ. Астаналық театрлардың қойылымдарын көруге, тәжірибе алмасар үлкен мүмкіндікке ие болдық. Көп студенттерге бұйыра бермес еліміздің ең айтулы оқу орнында білім алып, шығармаларымызға тың серпіліс жасауға мүмкіндік берген Алматы қаласындағы ұстаздарымызға алғыс білдіреміз. Әсерлі кездесулер, ғылыми конференциялар, шығармашылық жүздесулер, әрбір өткізілген дәрістерді, олардан алған әсерлерімізді міндетті түрде академияға барып бәрімен бөлісетін боламыз», - деп өзінің университетке деген шын ықыласын жеткізген болатын. «Аяқталуға шак тұрған студенттік дәуірдің бір бөлшегін еңселі Елордада өткердік. Білікті мамандар

мен білімді достармен тәп-тәуір тәжірибе алмастық. Ерекше серпіліс беріп, бойға шабыт дарытқан Шабытты, жайсандар мен жақындастырған жатахананы қия алар емеспіз. Жатсынбай жақын тартқаның үшін, сыйластықтың дәмін тарттырып, құшағымды қуанышты сәттермен толтырғаның үшін рахмет саған, Астана! Шегінерге жол жоқ, алдымызда Алматы, Жүргенов тосуда... Уақытша қоштасуға тура келеді. Бауыр басқан қиын» - деген Есенгелді Айжанның сөзіне келіспеске негіз жоқ. Иә, Университет шығармашылымызға жаңа толқыныстар әкелді. Өнертану мамандығының 3 курс студенті Мадина Құрал: «Армандар орындалады мақсатын айқын болса... Осы мекенге жолым қай күні, қалай түсер екен деп жүрген едім. Жолдама болашағыма ашылған қақпа іспетті. Елордаға келген алғашқы күнімнен мақсат тұтқан армандарым жүзеге асып жатқандай. Құшак жая қарсы алған ҚазҰӨУ-ті мен үшін танысы жоқ жат мекенде менің ақылым, ойым, қорғаным, жігеріме айналды. Өнер ордасындағы ұстаздар білімімді жетілдіріп қана қоймай, анамдай жылу сыйлап, құрбымдай сырласым болды. Ал жаңа ортада тапқан жаңа достар мен әріптестерімнің арқасында уақыттың қаншалықты маңызды екендігіне тағы да бір мәрте көзім жетті. Қайтар күнімізде алыс емес, көңілімізде қимастық сезім...» - деп тоқ етерін айтып, нүкте қойған бұл студенттеріміздің жүректен шыққан шынайы әсерлері болған еді. Менің көңілімнен ерекше шыққан іс-шаралардың бірі «Шабыт» журналы мен «Ес-аймақ» мәдени-танымдық бірлестігі еді. Өйткені, бұл екі іс-шара да студенттердің шығармашылыққа, өнерге деген зор қызығушылықтарын тудырады. «Шабыт» журналы университеттегі күнделікті жаңалықтар мен студенттердің жұмыстармен бөлісіп отырса, «Ес-аймақ» олардың қазақ өнеріне көп еңбек сіңірген қайраткерлермен тілдесіп, сырласуына мүмкіндік береді. Университеттің «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында жас мамандар үшін көп іс-шараларды атқарып жатқаны көрініп тұр. Студенттерге бұндай мүмкіндікті беріп отырған қос өнер ордасына және де өз білгендерімен бөлісіп, аз уақыт болса да бізге дәріс оқыған ұстаздарға алғысымыз шексіз. Бұл да бір жастық шағымының ұмытылмас кезеңі. Сондай-ақ студенттерге берер кеңесім, бұл үрдіс жалғасын тауып жатқан уақытты жіберін алмай, тәжірибе алмасқандарыңыз жөн. Бүгінгі таңда Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев ел болашағының жарқын болу мақсатында жастар қауымына көп көңіл бөліп отыр. Тек өнер оқу ордаларында ғана емес, Қазақстанның барлық оқу орындарында студенттер үшін жағдай толығымен жасалған. Ал біздің міндет алдыға қойған мақсаттарымызға сүрінбей жетіп, Қазақстанның дамуына өз үлесімізді қосу. «Мәңгілік ел» болу біздің қолымызда екенін ұмытпағанымыз жөн болар.



Әдеппен сөйлеп әдеттен

- Алло, алло! Не дейсің? Түк естілмейді. Мен театрда отырмын.

- Апай, шамалы ақырын сөйлеңізші - дедім мен. (сонда да қоймады)

- Бір спектакльде отырмын, аты есімде жоқ. Жоқ, уақытым болмайды, өзің алып кетші. Иә, кілтті Гүлғайшаның үйіне қалдырып кеткем. Жаксы, жаксы. (сәлден кейін)

- Мәә... бейшара енді не істейді екен? Екеуі той жасап үйленетіп шығар! Қосылса ана шалға жаксы болар еді, әйтпесе обал ғой. Аты кім еді өзінің? (Мультикті айтып отыр)

- Аттары қызық өздерінің?

- Айтпа деймін, біздің қазақтыкі емес-ау, аттары біртүрлі.

- Жә, көрейік енді не боларын - деген сол жағымда отырған екі әйел диалогы құлағымнан кетер емес. Ол аздай, артымда отырған жас әйелдің баласы қайта-қайта жылады. Ұнатпағандай сыңай танытып артыма мен де қайта-қайта қарай беремін. Сонда да болмады. Баласын көтеріп сыртқа шығып кету ойына да кіріп шығар емес. Ол аздай, бір кезде сол жағымда отырған 5-6 сынып оқитын 4-5 қыз әңгімені жіберіп отыр. Анық естіліп тұр. «Енді жетпегені осы еді» деп ішімнен қатты ашуландым. Шыдамым жетпеді, сөйлеп отырған қыздарға ұрысып жібердім. Шамалы тынышталды, сосын қайта бастады. Әңгіме-дүкен ары қарай жалғасты.

Әне-міне деп отырып антрактке де жеттік-ау, уффф... Антракт кезінде партерде отырған көрерменнің көбісі спектакльді соңына дейін қарамастан кетіп қалды. Өкінішті-ақ... Үзіліс аяқталуға жақындап, бірінші қоңырау соғылды. Алдымда отырған үш ер адам телефоннан концерт қарап отыр. Дыбысы қатты етіледі. Антракт бітуге қалды, бұл кісілер не үшін концерт көріп отыр - деп ішімнен таң қалдым. Үшінші қоңырау соғылды, залдың жарығы сөніп бара жатыр, ана кісілер болса мәз болып концерттерін қарап отыр. Мен жай ғана, «ағай, телефоныңызды өшіріңізші, спектакль басталайын деп жатыр» - деп едім, мені естіп жатқан пенде жоқ. Ақыры сахна шымылдығы ашылып жатқанын көрген ол, телефонының дыбысын өшіре алмай, саскалақтап қалды. Бұл сахнада ойнап жүрген актерлерге ғана емес, айналасындағы өзі сияқты көрермендерге де қатты кері әсер етеді екен.

(қарашаның 16-сы, «Кеш» драмасын тамашалап отырған сәт)

2017 жылдың қарашаның 19 күні «Қызыл орнамалды шынарым» спектаклін тамашалауға келдік. Театр көрермендерге лық толы, ине шаншар жер қалмады. Әдеттегідей, шабыт студенттерін бірден балконға жіберді. Балконда да орын қалмағаннан кейін, баспалдаққа отырдық. Бас администратор ма, нақты кім екенін білмедім, партер мен балконды аралап орындықтарды тексеріп жүрген бойы ұзын орта жастан асқан әйел көрінді. Бірде балконға көтеріліп: «Шабыт па?» - деп сұрады қабағын шытып. «Иә, апай» - дедік. «Осы сендерді керек кезде таппайсың, керек емес кезде топырлап жетіп келесіңдер. Онсыз да бүгін орын жоқ, оған қоса билеттерің де жоқ. Премьера күні бірінші болып топырлап келетін - Шабыт, орын жетпей жатса, тағы да бірінші болып келетін осы шабыттың студенттері!» - деп ашуланып айқайлап жіберді. Менің де ызам ішіме сыймай: «апай, керек кезде бос орындардың барлығын толтыратын біз емес пе?» - дедім. «Қарағым, менің мұнда жұмыс істеп жүргеніме бақандай жиырма жыл болды, нечего меня учить тут!» - деп, бізге дүрсе қоя берді. Бәріміз аң-таңбыз. Осы казак театрларының қызметкерлерінің мәдениеттері біртүрлі, рас айтамын. Бұл тағы бірінші рет емес.

Сонымен, спектакль басталып кетті. Көрермендер сөйлесіп болар емес. Көбісі телефондарын шұқылап отыр. Спектакльдің басталғанына жиырма минут өткенде бір топ орыс тілді көрермен-студенттер сырт киімдерін шешпестен балконға кіріп келді. «Сейчас, постоим немножко, и уйдем» дегендері естілді. Бірде Боранбай Молдабаевтың сахнаға шығып Әбілмансұр Серіковке: «Ай, братишка, братишка» деген сәтінде, қасымда отырған бала: «Неужели хоть одно слово на русском сказали!» - деп қарқылдап күліп жіберді. Ішімнен күйіндім. Бір нәрсе деп айтқандай болдым, оныма құлак асып жатқан олар жоқ. Бізге айқайлап кеткен әлгі апайымыз қайда кетті екен, залдың тыныштығын сақтайтындар солар емес пе? Не



керек, әйтеуір қойылым соңына жетті. Сахна-ғұмырда өмір сүрген артистер ел алдына шығып ілуде. Қолпаштау! Гүлдер! Бірақ осының бәрі кім үшін? не үшін?...

Әйгерім ДҮНГЕНЕНОВА
«Театртану» мамандығы 3 курс

Биылғы күз. Елордалық театрлардың қойылымдарын көруге мүмкіндік алдым. Астанаға аяқ басқалы асыға күткенім де «театрлар маусымының ашылуы» болатын. Араға көп уақыт салмай театрлар кезекпен өнер сүйер қауым үшін есіктерін айқара аша бастады. Алғашқы болып Астана Жастар театрының маусымын фестивальмен ашқанына куә болсақ, Қ.Қуанышбаев атындағы Мемлекеттік академиялық музыкалық драма театры XXVII маусымының да шымылдығын түрді. Бірінен алған әсерден айыға алмай жатып, келесі бір қойылымды ерекше ілтипатпен қабылдап жаттық. Таң қалып тандай қағарлық талантты актерлерді де, ерекше қолтаңбалары бар дарынды режиссерлерді де, қайталанбас қойылымдарды да көрін жатырмыз. Бірақ, тірі ағза саналатын осы бір саф өнерді көруге келген көрермендер мәдениетінің деңгейі көңіл алаңдатарлық екеніне көзім жетті. Себебі, қазақ театрларына келер жас көрерменнің ең болмаса қандай қойылымға келгендерін сезінбейтіндігі, сезіну былай тұрсын қойылым барысында замандастарым әдептілікті сақтауда ағаттық жиі жіберетіндерін бір емес бірнеше рет байқадым. Жакында ғана Қ.Қуанышбаев атындағы музыкалық драма театрындағы оқиға сөзіме дәлел бола алады. «Аққудың көз жасы» лирикалық драмасын тамашалауға жиналған көрерменнің қарасы көп. Орта жастағы көрермендермен бірге қатарға отыруыма тура келді. Ал, менімен шамалас бірнеше топ жастар театр залының жартысынан көбін алды. Қойылымның сырына қанығуға тырысып, ерекше әсерге бөленуге кедергі жасаған актерлер де, декорация да, музыка да емес бір залда отырған көрермендер. Сахнадағы кейіпкер сөзін қайталау, қала бере мүлдем ойға келмейтін трагедиялық диалогтарға есерлене қарқылдап күлу. Сөзімнің дәлелі осы қойылымдағы Данияр мен Жәмиләнің сахнасы. «Данияр: «Жәмиләш, сені кім ренжітті, айтшы өтінем?». Жәмилә: «Өмір ренжітті, өмір!». Тағдырының осыншама тауқыметіне ешкімді кінәламай, үнсіз егіліп, өз жүрегі қалаған жаннан амалсыз айырылар тұста айтқан осы репликасы, жүрек сыздатар ащы мұңы шағылар тұста жастар ду күлді. Бұл ненің күлкісі екенін мен ұға алмадым. Жанымда отырған 40-50 жас шамасындағы көрермен күлкі дауысы шыққан жакка, сосын маған бір қарады да: «Ех, жастар, түсініктерінің деңгейі осындай ма?», - деп күрсінді. Өмірімде алғаш рет өз замандастарым үшін ұялдым. Театр атты ұлы ұғымды түсінбейтін жүз адамды әкеліп, сахнагерлер өнеріне қиянат жасағанша, өнерді жүрегімен түсінетін, құрметтейтін он адамды отырғызса соның өзі жеткілікті. Ең болмаса келетін мектеп оқушылары мен техникалық университет студенттеріне - драма, трагедия, комедия жанрларына қатысты көретін спектакльдері туралы дұрыс мағлұмат берілсе, аннотациясын оқып түсіндірсе, мүмкін театрға деген құрмет пайда болар ма еді?!

Бейбіт ӘЛКЕЕВА

Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы
«Театртану» мамандығы 3 курс

Қазақ жерінде «қазақ театр көрермені» толық қалыптаспаған. Олай дейтінім, өз бетімен театрды іздеп келетін көрермендер өте сирек. Мектептерден, колледждерден, түрлі жоғарғы оқу орындарынан арнайы шақыртумен келген кейбір көрермендер, қойылым кезінде әңгімелесіп, телефондарын шұқылап, күліп, мазактап т.б қысынсыз әрекеттерімен қасындағы адамдарға кедергі жасап отыратындарын көп байқаймыз. Өйткені олар театрды қалап келгендер емес. Бірақ та оған ешкімді де кінәлай алмаймыз. Билеттердің өтуі керек. Театр сыншысы Әшірбек Сығай айтқандай «Театр – базардан шығып бара салатын орын емес. Театрға арнайы дайындықпен бару қажет». Себебі, театр – киелі де қасиетті орын.

Әсет АҚМОЛДА

«Театртану» мамандығы 3курс

От себя хотелось бы посоветовать администрации распространять билеты аудитории, которая хоть немного близка к казахской литературе и театру, да и вообще к искусству, например, журналистам или филологам. Русскоязычные студенты технических вузов и среднеобразовательных учебных заведений не имеют малейшего понятия о служителях Мельпомены и не хотят понимать, с какой целью их принудительно привели на ту или иную постановку. Поведение аудитории связано с действиями актера на сцене. Если зритель ведет себя непристойно и не соблюдает элементарную этику, не уважает актеров, пытающихся донести до зрителя образ героя, то и актер "не раскрывается" сполна. Чтобы хоть как то решить эту ситуацию, советуем администраторам во время продажи билетов прикладывать анонс или же программку

к билетам.

Невозможно не отметить отношение контролеров и администрации к студентам КазНУИ. Да, к сожалению, сегодня во время рыночной экономики театр является коммерческим учреждением, нежели духовным и в глазах контролеров мы выглядим нахлебниками, зашедшие в театр бесплатно. Но, во-первых, имеется приказ о том, что студенты факультета "Театр, Кино и ТВ", кафедры «Искусствоведение» могут зайти в театр на любую постановку бесплатно, к тому же, художественный руководитель Теменов Т.Д. не раз подтверждал это на пресс-конференциях. Во-вторых, наша специализация именуется "Театроведением", наша будущая профессия напрямую связана с деятельностью театра, посещение театра нами является неотъемлемой частью нашей учебной программы. Мы именно те зрители, которые приходят увидеть игру актеров, сопереживать с ними их действие. Мы не снимаем видео на телефон с включенной яркой вспышкой во время спектакля, не шуршим пакетами, не шумим и уж тем более, не едим чипсы и не распиваем напитки во время постановки. Контролеры крайне агрессивны в наш адрес. Многим из них мы годимся в дети, но складывается впечатление, что при виде нас у них начинается невроз и отсутствует чувство такта и этикета. Несмотря на все обиды, что мы таим все эти годы, мы продолжаем ходить в театр, даже если приходится стоять в морозные дни в преддверии, которое не обогревается. Мы готовы ждать третьего звонка, но, пожалуйста, не обращайтесь с нами, как с низшим слоем общества.

"Театр начинается с вешалки", как сказал великий Станиславский, атмосфера высокого искусства должна ощущаться с фойе. К сожалению, этой атмосферы не ощущается. Доброжелательное отношение и позитив должны исходить от менеджеров и контролеров, настраивая этим зрителей на предстоящую постановку. Зачастую, контролеры не справляются со своими прямыми функциональными обязанностями.

Конечно, нельзя винить лишь одну сторону. В данной, довольно глобальной проблеме, виновата и сторона зрителей своим некорректным поведением. Увы, в нашей стране не развита этика поведения в театрах, нежели в странах Европы. По своей природе казахскому народу ближе дешевый юмор и увеселительные программы, такие развлекательные программы как Жайдарман, КВН, Театры юмора и сатиры набирают полные залы. Согласно статистике, в зарубежных странах любовь к театру прививают с детства. Это своеобразная ступень эволюции: от киндер театра к драматическому театру.

В силу своей профессии мы изучаем российские и европейские театры, анализируем игру актеров, сценографию, подачу света, звука, декораций и т.п. И глядя на зрительскую аудиторию, мы с завистью и горечью наблюдаем реакцию и поведение созерцателей постановки, их сопереживание героям и задаемся вопросом: когда же наш дорогой зритель достигнет такого уровня?

Надеемся на лучшее, и думаем, что культура жителей страны возрастет в ближайшем будущем.

Аида КАЛҚАТАЙ «Театроведение» 3 курс

35

Есімнен кетпейді менің...

Қараша айының 25-ші жұлдызында Қазақ ұлттық өнер университетінің эстрада вокал мамандығының студенті Манарбек ЖҰМАТАЙДЫҢ «Керуен» ойын-сауық орталығында ән кеші өтті. Талантты әншіміз өз репертуарындағы әндерді және шетел композиторларының шығармасын орындады. Әсіресе көпшіліктің көңілінен шығып үлгерген «Уақыт» әні кештің көркін қыздырды. Тамаша әннің сөзін жазған «Театрлану» мамандығының 4 курс студенті Нұржан Салимов. Журнал ұжымы жас әншіге шығармашылық табыс пен сәттілік тілейді!



Шығыс Қазақстан өңірінің күйшілік дәстүрі (Байжігіт)



Қазақ ұлты бай музыкалық дәстүрлерге толы көптеген тайпалар мен ұлыстардың бас қосуы нәтижесінде қалыптасқан этнос. Алаш жұртының домбырашылық өнерінің бір саласы – Шығыс Қазақстан өңірінде (ШҚӨ) кездесетін күйшілік дәстүр. Бұл өңірдің күйлері басқа Орта Азия халықтарында қалыптасқан музыканың ауызша таралу дәстүрі бойынша қолдан-қолға, ауыздан ауызға ауысып, ұрпақтан ұрпаққа жетіп келді.

Қазақ тарихын түркі заманынан бастап зерттеген орыс ғұламасы – Л.Н.Гумилев шығыс өркениетінің Алтай жерінен бастау алғанын жазады, қазіргі кезеңге дейін жетіп отырған алтайлық әндер мен күйлерді тыңдағанда олардың көне түркілік сазға құрылғанын аңғару оңай. Музыкатанушы-ғалым П.Шегебаев бұл мектеп туралы мынадай пікір айтады: «...Шығыс аймақта дамыған аспаптық үлгі қазақ музыка мәдениетіндегі ерекше құбылыс. Мұны тарихи тағдыры бір түркі-мұңғұл халықтарынан қалған мәдениет деп тануға әбден болады. Аспаптық шығармаларының обертоңға бай, тембрлік бояуларының қою (қоңыр) болатыны соның әсерінен» [б. 152-169-б.].

Шертпе өнерінің белді өкілі – Байжігіттің күйлерінен тек Шығыс өлке емес, қазақтың барлық күй мектептеріне ортақ қайырымдарды кездестіруге болады. Айтпағымыз, қазіргі шертпе күй мектептерінің қалыптасуының басы – қасиетті Алтай жерінен бастау алады деп болжамдаймыз. Бұл аймақ шертпе күй дәстүріне жатады. Өзіндік стильдік орындаушылық ерекшелігі бар, сұлу саз, көне сарын, көркем әуез, әдемі иірімі, бояуы, дыбыс үндестігі бар. Оң қолдағы нәзік шертіс, іліп қағу, теріп ойнау сол қолдағы дыбыс көркемдігіне байланысты. Күйлердегі бағдарламалық мазмұн, аңыз әңгімелердегі пәлсапалық астар ежелгі тотемдік наным-сенімдермен байланысты. Жалпы айтқанда, бұл дәстүр – архаикалық көне күйлерге келеді. Осы өңір күйлерінің көпшілігін музыкатанушылар аспаптың аса көне құрылысы деп есептеп, домбыраның квинталық бұрауында орындалады деп санайды.

Қазақстанның шығыс өңірінің күйшілік өнері ауқымды домбыра дәстүрлерін қамтиды. Өйткені, Шығыс Қазақстан (Семей, Шыңғыстау, Шұбартау, Аягөз, Тарбағатай), Қытай Халық Республикасының Шыңжаң өлкесі, сонымен қатар Моңғолияның Баян-Өлгий аймағы қазақтарының күй мұралары осы өңір дәстүрлерін жалғастырады. Күйлердің орындалу машығы олардың көнеден келе жатқанын айғақтайды, шығыс сарындарын тыңдаған жан оның барша түркі-мұңғұл нәсіліне ортақ әуен екендігін бағамдай алады. Қыпшақ-Оғыз заманынан қалған көмекей ғырыл дыбысты аспапта сақтай отырып күй толғау қазақ жерінде тек шығыста ғана сақталған, ол тек сыбызғыда ғана емес, домбыра күйлерінде де кең қолданылады, әсіресе, теріс бұраудағы шертісте көп.

Шертпе күйлердің ішінде орындалуы, техникалық жағынан меңгерілуі жағынан қиындықты тудыратын осы мектеп. Себебі, мұнда ілме қағыс, терме қағыс, сол қолда кездесетін тайғанак әдіс, сырма әдістерді айтпағанның өзінде күйдің аңыздық ізі дәстүрлі әдісті керек етеді. Шығыс Қазақстаннан шыққан әйгілі күйшілер – Байжігіт, Бейсенбі, Жүнісбай Стамбайұлы, Шахабай Шалап батыр, Сакбике, Терістаңбалы Мүкей, Раздық, Шотайбай, Масығұт, Бейісбай, Әшім, Бағаналы Саят Өлкеұлы, Ғабдылхак Барлықов, Таласбек Әсемқұлов, Жарқын Шәкәрімов, Біләл Ысқақов, Тұрсынғазы Баяков, Қазен Әбуғазин, Қабікей Акмерұлы. Қазіргі кезде бұл мектептің ізін жалғастырушы азаматтар ретінде Секен Тұрысбеков, Мұрат Әбуғазы, Мұқаш Таңғыт, Еркін Ерген, Ертай Барлықов сияқты дарынды күйшілерді атай аламыз. Қазіргі кәсіби оқыту тәжірибесінде Шығыс күйлері сирек орындалады, бұл оның әлі тыңғылықты зерттеуді керек ететінін көрсетеді.

Күймен айтысу, күймен сайысу арқылы өнерлерін сынға салу қазақ күйшілерінің ертеден бар дәстүрі. Шығыс өңірінде айтыс-тартыс күйлердің де елеулі орын алатынын айтқымыз келеді. Осы ретте аймаққа аты әйгілі Қайрақбай күйші мен Жұмажанның күй тартысы және Теріс таңбалы Мүкей мен байдың қызының тартысын айтуға болады. «Мүкей Алтай өңірінде өмір сүрген. Мүкейдің күйшілік өнермен қоса ат баптап, көбінесе жүйрік аттарды баптап, бәйгеге қосқан. Бір байдың екі жүйрік аты болған

Майдажан және Еркежан. Сол заманда барымташылық көп болған. Сонда Мүкей өзінің екі нөкерін байға жібереді. Түнде жылқыларды жылқышылар бағады. Ал күндіз байдың домбырашы қызы қарап отырады екен. Нөкерлері қайтып келіп Мүкейге байдың күзетінің мықты екенін жеткізеді. Сонда Мүкей «онда мен өзім барайын» деп қасына нөкерлерін ертіп барады. Сөйтіп барса бір домбырашы қыз күй тартып, ал жанында жеңгесі шәй құйып жүр екен. Содан Мүкей, - «Мен қазір ана қызбен күй тартысам, ал сендер жүйрік аттарды алып, кашасыңдар» дейді. Үйге кіре берісінде тұрып қызға күй тартқызады. Сонда Мүкей «Бұл кімнің күйі» деді, қыз алдындағы тұрған Мүкейдің нақ өзін білмей, «білмеймін ел – жұрт теріс таңбалы Мүкейдің күйі деп шертіп жүр» дейді. Содан Мүкей – «жақсы екен мына күйің, өте жақсы бірақ, мынау бір жері дұрыс емес болып тұр. Мүкей алма – кезек тартушы еді. Сен бір ішекпен кетіп қалдың» дейді. Сонда Мүкей «әкелші домбыранды менде бір тартатын күйім бар еді», дейді. Сөйтіп өзінің күйін тартады. Сонда қыз – «Ой көке мына күйіңіз әдемі екен, маған үйретші» дейді. Үйге кіргеннен кейін Мүкей тағы бір күйдің басын қайырады. Оны қыз қағып алып күйді өзіне басқаша етіп тартып береді. Шәй ішіп, өйтіп – бүйтіп отырғанша, біраз уақыт өтіп кетеді. Сол уақыт арасын Мүкей нөкерлері жүйрік аттарды қағып алып кетеді. Содан Мүкей – «мен енді тұрайын» деп өзінің атымен жол кезеді. Ол кезде бай үйінде жоқ болатын. Бай үйіне келін, қараса жүйрік ат жоқ, жоғалып кеткен екен. Сөйтіп бай жынданып, жүйрік аттар қайда деп қызынан сұрайды. Енді қыз айтайын десе қорқады. Қыз күйшінің алып кеткеніне күдіктенбейді өйткені ол үйде отырған еді. Содан қыз, жаңағы күйді күнде тартады дейді бай оны естіп қойып жаңа күй ғой қайдан үйрендің дейді. Қыз – алдында үйге бір күйші келген содан үйрендім дейді. Сонда бай – онда күйдің иесі табылса ұрыда табылады дейді. Бір күні бай тойда Мүкейдің сол күйді тартып отырғанын көріп, бай «пәлен күні пәлен жерде атымды сен алдың, атымды қайтар» дейді. Мүкей ешқайда қаша алмай өзінің алғанын мойындайды. Содан бай Майдажал мен Еркежанды алып кетіп бара жатқанда. Мүкей екі атқа екі күй арнайды. Екі аттың жүрісіне арнап екі мінезді күй шығарады. Жылқыны жетектеп алып бара жатқанда Мүкей оларды кимай тағы бір күй шығарады». Осы төрт – бес күйден құралған күй – аңыздың мазмұны осылай байланысты екен. Бұл тартыс күйлердің тарихы белгілі күйші Мұрат Абуғазыдан жазылып алынды.

Байжігіт (1705-1795). Ең алдымен Шығыс Қазақстан өңірінің күйшілік дәстүрі деген кезде бірден Байжігіт бабамызды айтамыз. Міне, Байжігіт күйшінің дүниеге келген кезі ел-жұрттың жаңа қонысқа ірге бекіте қоймаған шағы болса керек. Бес жасында ата-анадан тұлдыр жетім қалған Байжігіт өмірдің қиындығын белшесінен кеше жүріп, халық басындағы ауыртпалықты көкірегіне тоқып өседі. Бұл жолды жұбаныш тауып, шер тарқатары да, халық қасіретіне араша түсері де домбырасы болғанға ұқсайды. Байжігіт өмірдің кез келген құбылысын күй тіліне түсіре алған. Ол өзінің қуаныш-қайғысын, арман-мұңын күй тілінде жеткізіп отырған.

Байжігіттің шығарған күйлері мейлінше көп болған. Қазақстанда Байжігіттің өмірі мен өнеріне алғаш көңіл бөліп, ұлттың рухани дәулетіне қосу үшін жұмыла кіріскен жазушы Мағауин Мұқтардың, өнер зерттеушісі Хаймолдин Омардың, домбырашы Әсемқұлов Таластың сіңірген еңбектері айрықша. М.Мағауиннің жазуында Байжігіт «мұрасы молынан сақталған орын – Шыңғыстың түстік беткейі, Шұбартау, Аягөз өңірі» болса, сол мұраны жеткізушілер Қызыл мойын Қуандық, оның күйеу баласы Кенжебай, Қазанғапұлы Тәттімбет, Байжігіттің өз ұрпағы Мүсәпірхан, Бекжан, Бодау, Қызай, Шонтай сияқты әйгілі күйші-домбырашылар. Бұлар XIX ғасырда ғұмыр кешкен. Ал, бертін келе Шонтайдың немерелері Құлыншак пен Омар, сондай-ақ аягөздік Айтбай, Рахымбек, Жүнісбай домбырашылар Байжігіт күйлерін бүгінгі күнге жалғаған. Осы соңғы тұяқтардың ішінде Ыстымбайұлы Жүнісбайды бөлек сөз етуге болады. Жүнісбай әрідегі Қорқыт, Кетбұғалардан бастап, берідегі Тәттімбетке дейінгі кезеңінің 200 дей күйін тартқан. Соның ішінде бір ғана Байжігіттің қырықтан астам күй тартады екен.

Міне, осы Жүнісбайдың бауырына салған жиені - Талас Әсемқұлов. Байжігіт күйлерін бүгінгі күнге жеткізіп, күйтабак пен ұнтаспаға жаздырып, бүкіл халықтың рухани игілігіне айналуына ұйтық болып жүрген азамат осы Таласбек. Байжігіттен жеткен жиырмадан астам күй белгілі. Олардың ішінде «Қайын сауған», «Қоңыр қаз», «Жетім торы», «Көкбалақ», «Қосбақан», «Дәлдірен торы», «Сылаң торы», «Кербалақ», «Ерке атан», «Көктөбе», «Қашқан қалмақ», «Беласар», «Тоғыз тоты», «Секіртпе» сияқты күйлері сырлы сазымен, өзінді қолтаңба үлгісімен назар аударады. Бұл күйлердің қай-қайсысы да Байжігіттің жай ғана сұлу сазды әспеттен қоймай, өз тұсындағы тарихи-әлеуметтік өмір шындығына дойлап барып, тебірене толғанғанын аңғартады.

Жалпы Шығыс Қазақстан күйлерінің құрылысы қайырмалы ән формасымен өрілген, сағаны қуып дамыту, тондық тұғырды ауыстырту, шығарма тұтастай екі немесе үш рет қайталанып орындалады, финалында бастапқы тақырып еміс еске түсіріле шалақ қайырылып аяқталады.

Күй мінезі асқақ, соған сәйкес ырғақтары да біркелкі – жүрдек, қайғылы күйлердің өзінде мажордағы

салтанат тәкәппәрланып тұратыны бізден басқа ұлттың ұғымына түсініксіз де шығар.

Көптеген күйлер мажорлық пентатоника элементтерінен құралған және де өзіндік бояуы бар. Шығармалардағы әсем әрі нәзік әуендер әнмен байланысты, яғни ән тектес болып келеді. Мұндай әуезділік, жұмсақ ақырын қозғалысымен, қысқа ауқымды диапазонмен, дыбыстық тамаша үйлесім тапқан қысқа әуендер басымдық танытады.

Орындаушылық мәнері де өзінің қағыстық техникасымен айрықша ерекшеленеді. Шертпе күйлеріне тән глиссандо, форшлагтар, трельдермен қатар, басқа да әдіс-тәсілдерді байланыстыра қолдануға ықпал етеді. Мысалы, қос ішекті алма-кезек теріп орындау немесе алақанды жайып тиек тұсынан тербелтіп қағу. Майда техникалық шеберлікпен алынатын қағыс түрлері осы аймақтың күйлеріне тән нәзік дыбыстарды шығаруға әсерін тигізеді. Әсемдегіш мелизмдер күйдің тақырыбына орай оның еліктеуіш мінезін береді.

П.Шегебаев көркемдік ерекшелігін сипаттай, олардың табиғи ладтық жүйемен байланысын, акустико-обертондық дыбыс қатарында негізделгенін айтады. Әуендегі табиғи обертондар және сүйемеліндегі бурдондық тұрақтылық түркі-монғол халықтарының көне дәстүріне тамырлайды.

Квинта бұрауындағы күйлер ШҚӨ стильдік қалыптасуында маңызды міндет атқарады. Сонымен қатар, бұл үрдісте кварталық күйлердің де мәні зор. Олардың зерттелуі келешекте үлкен жұмыстарды талап етеді.

Қорыта айтқанда, Шығыс Қазақстан күйлері көптеген ізденістерді әлі де талап етеді. Сондықтан өзіндік ерекшелігі бар Шығыс күйлері жалпы қазақ өнерімен ғана емес, түркі-монғол музыка мәдениетімен сабақтастықты аңғартқаннан кейін оның зерттелу ауқымдылығы тарихи және теориялық тұрғыдан жан-жақты қарастырылуы тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Шегебаев П.Ш. *Стилевые особенности восточно-казахстанской инструментальной музыки* // Музыкальное искусство: наука и образование. Сборник научных трудов. – Астана: КазНАМ, 2004. – С.152-169.
2. Жұбанов Қ. *Қазақ музыкасында күй жанрының пайда болуы.*
3. Жұбанов Қ. *Қазақ тілі жөнінде зерттеулер.* – Алматы 273 б
4. Мұқышев Т. *Сыбызғы сазы.* – Алматы, 2005.
5. Әбугазы М. *Шығыстың шыңырау күйлері.* – Өскемен, 2009. – 303 б.
6. *Күй қайнары: қобызға, сыбызғыға, домбраға арналған күйлер.* / Құраст. Ә.Райымбергенов, С.Аманова. – Алматы: Өнер, 1990. – 288 б.



КҮЙШІ

(Әбікен Хасенов)

Қараша айының 27 күні, Қазақ ұлттық өнер университетінің Ж.Жабаев залында қазақтың шертпе күйдің шебері, актер Әбікен Хасеновтің туғанына 125 жыл толуына орай еске алу кеші өтті. Атақты күйші Тәттімбеттің күйлерінің осы күнге жетуіне бірден-бір себепкер тұлға – Әбікен Хасенов екенін кеш барысында білдік. Әуелі Қазақ ұлттық өнер университетінің халық аспаптар оркестрі Тәттімбеттің «Сылкылдақ» және «Қосбасар» күйімен концерттің ашылу рәсімін бастап берді. (Дирижері – Дәурен Ғылымов). Артынша Әбікен Хасенов жайлы шағын бейнебаян көрсетілін, көрермендерге күйшінің өмірінен біршама тың ақпарат ұсынды.

Әбікен Хасенов 1897 жылы қазіргі Қарағанды облысы Шет ауданында дүниеге келген. Әбікенді домбырашылық өнерге баулыған әкесі Хасен, немере ағасы Мақаш Садуақасұлы және Ақмолда Дүйсенұлы болды. Кейіннен ол белгілі күйші-домбырашылар Баубек пен Қыздарбектен Тәттімбеттің күйлерін үйренеді. 1934 жылдан Алматы қаласындағы, қазіргі М.Әуезов атындағы қазақ академиялық драма театрында қызмет етеді. Хасенов театр сахнасында Құнанбай (М.Әуезов пен Л.С.Соболевтің «Абайында»), Қараменде (Әуезовтің «Еңлік – Кебегінде»), Қодар, Балта (Ғ.Мүсіреповтің «Ақан сері – Ақтоқтысында»), Мұса (С.Мұқановтың «Шоқан Уәлихановында»), Тайман (Ә.Тәжібаевтың «Майрасында»), т.б. бейнелерді кескіндейді. Сонымен қатар ол Тәттімбеттің «Сарыжайлау», «Көкейкесті», «Сылкылдақ», «Бес төре», «Азамат», «Қос-басар» (бірнеше түрі), т.б. күйлерін орындап, пластинкаға түсіртеді. Оның өзі шығарған «Қоңыр» атты күйі бар. Әбікен Хасенов бұл күйін қазақтың ардақты ұлы Сәкен Сейфуллинге арнап шығарған деген болжам бар. Ол дәстүрлі музыкалық ортада әрі күй өнерін құрметтейтін, қадірлей білетін елде өсті. Оның алғашқы ұстазы болған өз ағасы Мақаш және аттары аңыз болған домбырашылар Баубек, Қыздарбек, Әбді, Ақмолда, Итаяқ т.б. өнерпаздар Арқа жерінде, Әбікеннің туған жерінде ғұмыр кешті.

1934 жылы Әбікен қазақ әдебиетінің классигі жазушы Сәкен Сейфуллиннің көмегімен Қазақтың драма театрына жұмысқа алынады. Өмірінің соңына дейін сонда істейді. Бірақ Әбікен өміріндегі ерекше орын алатын қасиеті әрине - күйшілігі. Оның домбырасының қоңыр үні сиқырлы сазымен сол кездегі қазақтың зиялы қауымдарын, әртістерін, ақын-жазушыларын және ғалымдарын баурап, ұйып тыңдатқан екен. Әбікен көзі тірісінде Тәттімбет пен Әбдінің күйлерін саз табақшасына түсіріп үлгерді және өзі шығарған «Қоңыр» күйіне ән жазылып, алтын қорға табысталды.

Кеш барысында Гүлмира Сарина халық әні «Әуілдекті», Қапаш Құлышева Сәкен Сейфуллиннің «Біздің жакта», Үкілі Ыбырайдың «Қалдырған» әндерін орындаса, жас дәстүрлі әнші Сырым Мұхаметжанов Сәкен Сейфуллиннің «Тау ішінде» атты әнін шырқады.

Қарағандылық дәстүрлі күйші Қалкен Қасымов Әбікен Хасеновтің «Қоңыр» күйін домбыра сазымен күйкылжытса, Қарағанды облыстық «Күй-керуен» шертпе күй орталығының басшысы Қайролла Сәдуақасов Әбдидің «Тәубе қосбасарын», Қыздарбектің «Өткінші қосбасарын» әуезділікпен тартты. Талантты күйшілер Болат Тәкішев Ақкыздың «Қайран елім», Рымхан Әбілханұлы Тәттімбеттің «Саржайлау», Батырлан Әбенов Тәттімбеттің «Алшағыр», Қуат Аманжол Тәттімбеттің «Қосбасар» күйлерін орындап, кештің көрігін қыздырып, көрермендердерді әсерлі әуендерге бөлеп отырды.

Кеш соңында Мемлекет және қоғам қайраткері Мырзатай Жолдасбеков пен ақын Аманжол Әлтаевқа сөз беріліп, олар өз аттарынан кешті ұйымдастырушы күйші Жанғали Жүзбайға үлкен алғыстарын жаудырды. Қазақ күйінің құдіреттілігі туралы ойларын ортаға салды.



Кіл жүйрікте, кім жүйрік?

«Ауыл» халықтық-демократиялық партиясы мен «Әдебиет» порталының бастамасымен қаламгерлер арасында ұйымдастырылған «Ауылым-алтын тұғырым» әдеби байқауы өз мәресіне жетті. 2016 жылы қабылданған барлық шығармалар топтастырылып, 3 томдық жинақ болып басылып шыққан болатын. Биыл да екінші мәрте ұйымдастырылған әдеби конкурс Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында көрсетілген бағдарламалық мақсаттар аясында өткізіліп отыр. Марапаттау салтанаты 2017 жылдың 12 желтоқсанында сағат 11:00-де Қазақ ұлттық өнер университетіндегі Ф.Шопен атындағы концерт залында өтті. Жүлдегерлер мен көрермендерге өнер ордамыздың оқытушысы Ж.Ысқакова бастаған бір топ жас әншілер әуезді әннен шашу шашты. Кеш шымылдығын «Ауыл» партиясының төрағасы Ә.Бектаев ашып, бұл шараның өткізілу барысы туралы естеліктерді баяндады. Бағы мен бабы қатар шауып, іріктеліп шыққан кіл мықтылар тізімі мынадай:



Поэзия жанры бойынша

Мағжан Жұмабаев атындағы арнайы жүлдемен Бақытгүл Зарқұмар.

Шәкәрім Құдайбердіұлы атындағы арнайы жүлдемен Өміртай Еділхан. Ғұмар Қараш атындағы арнайы жүлдемен Ұмтыл Зарықхан.

Ахмет Байтұрсынұлы атындағы арнайы жүлдемен Сұлтан Дәулетхан марапатталды.

Қазылар алқасы поэзия аталымы бойынша

Үшінші орынға белгілі ақын Ерлан Жүніс.

Екінші орынға Файзулла Төлтай лайықты деп таныған екен.

Драматургия жанры бойынша

Жүсіпбек Аймауытов атындағы арнайы жүлдеге белгілі Қанат Жүнісов. Мұхтар Әуезов атындағы арнайы жүлдеге Аршын Нұрбақыт.

Үшінші орынды Қуаныш Қожабайұлы.

Екінші орынды Заман Төлеуов еншіледі.

Ең үздік шығарма иесі белгілі жазушы, драматург Думан Рамазан деп танылды.

Проза жанры бойынша:

Міржақып Дулатов атындағы арнайы жүлдеге Қанат Тілеуханұлы. Проза саласы бойынша бірінші орынға танымал журналист, қаламы қарымды қаламгер Дәурен Қуаттың «Пермедегі Пигмалион» шығармасы лайықты деп танылып, «Ауылым – алтын тұғырым» байқауының бас жүлдесі «Алтын тұғырға» ие болды. Дәстүрлі «Ауылым – алтын тұғырым» байқауының биылғы жылғы үздіктері осылай анықталды.

Университетіміз үшін басты жаңалық!

«Өнертану» кафедрасының оқытушысы – Ұларбек Нұрғалымұлы поэзия аталымы бойынша бірінші орынды иеленіп, арнайы сый-сияпатқа ие болды. Қазылар алқасының қатаң сынынан өтіп осы аталымға ие болған Ұларбек Нұрғалымұлы өзінің аталмыш додаға қосқан «Кертөбелін» оқып, залдағы көрермендердің ыстық қошеметіне бөленді. Ал, "Алтын тобылғы" байқауынан «Үздік поэзия» номинациясы бойынша жеңімпаз атанып, 750 000 теңгені қоржынына байлағаны өз алдына үлкен әңгіме. Ұстазымыздың жемісті жеңісі мұнымен бітпек емес. "Рухани жаңғыру" аясында ұйымдастырылған I "Рух" халықаралық әдеби байқауының проза жанрынан бірінші

орын иеленіп, жүлдегерге тағайындалған 1 миллион теңгеге ие болды. Марапаттау Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде өтті. Оқытушымыз Ұларбек ағамыздың осындай жарқын жеңістері әрбір шәкіртіне үлгі, әріптестеріне зор мақтаныш!

Сонымен қоса «Театртану» мамандығында біліп алып, осы жылы оқуын тәмамдаған Нұрислам Әбділ Қошке Кемеңгер атындағы арнайы жүлдеге ие болды. «Шабит» журналының ұжымы барлық жүлдегерлерді құттықтай отырып сіздерге шығармашылық табыстар тілейді!

Рухия БАҚЫТБЕК
Бас редактор



ГРАН-ПРИ кинофестиваля «ZHAİK FILM FEST»

В Уральске 8 и 9 декабря 2017 года прошел республиканский кинофестиваль короткометражного кино «Zhaik Film Fest». Кинофестиваль организован Киноклубом Уральска и Гражданским Альянсом ЗКО при поддержке акимата ЗКО.

Режиссёры со всего Казахстана приняли участие в кинофестивале короткометражного кино «Zhaik Film Fest». Представить свои работы приехали участники с городов Астана, Алматы, Караганда, Шымкент и Уральск. Всего на фестивале было представлено 20 короткометражных фильмов.

Фильм студента 4 курса кафедры "Кино и ТВ" КазНУИ, специализации "Режиссура игрового кино" Асылхана Шакенова (мастерская доцента Нурмухамбетова Е.М.) «Однажды в маленьком городе» получила призы сразу в двух номинациях: Лучшая мужская роль и Гран-При фестиваля.

Примечательно, что приз в номинации «Лучший актер» получил то же студент 4 курса кафедры "Кино и ТВ", специализации "режиссура игрового кино" Асылбек Мусабеков (мастерская доцента Нурмухамбетова Е.М.), который, впрочем, уже успел проявить себя в актерском качестве, снявшись в таких больших картинах, как «Ореховое дерево» (реж. Ерлан Нурмухамбетов) и «Логово» (реж. Айбек Сеитов «Беркут»).

Оператор-постановщик фильма «Однажды в маленьком городе» студент 3 курса кафедры "Кино и ТВ" специализации «Операторское искусство» Данияр Молдабеков (мастерская доцента Тайшанова Т.Т.)

Премьера фильма «Однажды в маленьком городе» состоялась в мае этого года в Каннах, где принимала участие в программе Short Film Corner. Осенью она также получила приз «Выбор Бродвея» на II Республиканском фестивале короткометражного кино «Байконур».



Студенттің құзырына берілген уақыт екі бөлікке бөлінеді. Бірінші бөлігінде оқу үдерісіне байланысты мәселелер шешім табады. Оның ішінде дәріс барысындағы конспект, практикалық тапсырмаларды орындау, семинарға дайындық, кітапханада отыру т.б. бар. Ал екінші бөлігіне бірінші бөліктен қалатын минуттарды, яғни бос уақытты жатқызуға болады. Дәстүр бойынша, артық уақыт көп болмайды, сондықтан әрбір минутты пайдалы етіп өткізген жөн. Уақыттың қадірін білмегенге бәрібір. Заманауи студент бұл уақытты достарымен қыдырып, тамақ ішіп, кино көріп, тауға шығып, компьютер немесе теледидар алдында отырумен өткізе алады. Бір жағынан бұл да дұрыс, екінші жағынан спорт, өнер, тіл үйрену секілді пайдалы істерді де ұмытпаған жөн. Сіздің ғылымға, зерттеуге деген талабыңыз бар ма? Дарыныңызды мәпеленіз және шындалыңыз. Арнайы курстарға баруға уақытыңыз болса, күнделікті тұрмыста пайдаланатын тағамдарыңыз бен заттарыңызды іске асырыңыз. Әртүрлі сусындардың әсерін, өзгерісін бақылауға алыңыз. Ғылыми шығармалар оқуды әдетке айналдырыңыз. Ойларыңызды ашық айта біліңіз. Мектеп қабырғасында спорттық жетістіктерге жетіп, биіктерден көрініп жүрген болсаныз, оны университет қабырғасында да қалдыруға болмайды. Футболға, баскетболға, биге, жүзуге, күреске қатысыңыз. Әрбір университет жанынан түрлі ұйым құрылады. Өзіңіздің қабілетіңіз жетеді-ау деген ұйымды тандап, белсенділік танытыңыз. Сіз оқу ұйымда жүріп тәжірибе жинақтайсыз, адамдармен танысасыз, өзіңізді ұстауды үйренесіз. Түрлі шараға баратын еріктілер қатарына жазылыңыз. Бұл да жеке өмір сүруді үйрену үшін таптырмас көмекші бола алады.

ЖЕТЕСІҢ

ШЫҒА
СОҢЫНДА...

АЛЛАҒА ТӨУЕЛ ЕТУДІ ҰМЫТПА
ДЕРЕУ ТҮР ДА, ЖАЛҒАСТЫР

ТІПТІ, КЕМДЕ БИІКТЕН ҚУЛАЙСЫН
ТАЛАЙ СҮРІНЕСІҢ

БИІККЕ ҚАРАЙ ҚАДАМ БАС

АЛҒАШҚЫ ҚИЫНДЫҚҚА ТОҚТАП ҚАЛМА

ЕГЕР, ЖЕТІСТІККЕ ЖЕТКІҢ КЕЛСЕ

СТУДЕНТ БОС УАҚЫТТЫ ҚАЛАЙ ӨТКІЗЕДІ?

(материал интернет желісінен алынды)

Жұт



Еліміздің егемендікке қолы жеткелі халқымыздың басынан кешкен ауыр кезеңдерін жас ұрпаққа жеткізу мақсатында әдеби шығармалар, көркем фильмдер жарық көре бастады. Бұл ретте сахна өнері де өз тұлғаларының бейнесін жасаудан қапы қалған емес. Мәселен, отыз жетінші жылдары жазықсыз жазаға ұшыраған арыстарымыздың бейнесін, тәуелсіздік жолында жанын құрбан еткен боздақтарымыздың бейнелерін театр сахнасына шығарды. Жас ұрпақ өткенін ұлықтамай келешекке қадам баспасын біліп жаңа буын алдындағы міндеттерін атқарып келе жатқан бірден бір өнер иелері болса ол – театр атты тірі ағзаның еңбеккерлері. Осынау өнер иелерінің үлкен еңбегі деп жас ұрпаққа берер тағылымы мол қойылымдарының бірі өткен ғасырда халқымыздың басынан кешкен ашаршылық нәубетін бейнелейтін қойылымды айтсақ болады. Драматург О.Жанайдаровтың

«Жұт» пьесасының негізінде режиссер А.Абушахманов Қ.Қуанышбаев атындағы мемлекеттік академиялық Қазақ музыкалық драма театрының сахнасына шығарған отызыншы жылдардағы бабаларымыздың бейнесі ешкімді бей-жай қалдырмасы анық. Қасіреті мол, азапқа толы бұл жылдар ұрпақ санасынан өшпеуге тиісті.

Шығарма авторы, жас драматург Олжас Жанайдаров: «Менің атам осы Кеңес Одағы кезіндегі ұлы жұт жайында айтып берген болатын. Әңгімелеу барысында әрбір сөздің астында үлкен трагедия барын сезетінмін. Мен бұл драманың мазмұнын ұзақ уақыт бойы жанымда сақтадым. Пьесаны жазып біткеннен кейін, өз міндетімді өтегендей болып, едәуір жеңілденгендей болдым. Басты кейіпкер арқылы сол кезеңдегі халқымыздың қиындығын сезінгендердің жиынтық образын жасағым келді»- дейді. Пьесадағы барлық кейіпкерлер оқиғалардың өтуіндегі негізгі қызметті атқарады. Байланысы да, дамуы да кейіпкерлердің әрекеттеріне байланысты жалғасып отырады. Қойылым кішкентай ғана ұлы Темірден айырылып есеңгіреп қалған жас отбасының диалогынан бастау алады.

Жас көрермендерге айтары мол драмадағы басты кейіпкер Ахмет рөлінде бұған дейін Т.Теменовтің режиссерлігімен сахналанған «Аққудың көз жасындағы» Данияр, Ә.Оразбековтің «Қорғансыздың күніндегі» Жарық бейнелерімен көпшілікке таныс Жанат Оспанов.

Ахмет – оқыған, сауатты азамат. Отбасы үшін жанын аямайтын, кез-келген қиындықпен бетпелет келуге тайсалмайтын отағасы. Ахмет бейнесін ашуда Оспановқа жас ерекшелігіне байланысты кедергі боларлықтай дүниелер болмады. Алғашқы сахнада кейіпкердің сыртқы формасы мен характері қай дәуірді, қандай көңіл-күйді бейнелейтінін және қарапайым отбасындағы екі баланың әкесі, жары Сәулені қалтқысыз сүйетін Ахметті шынайы бейнелеуге тырысты. Кейіпкерінің рөл шеңберін, пьесаның ұсынылған тосын жағдайларын жете түсініп, серіктесімен бірлесіп бір дүние шығаруға алғашында атсалысқанымен, Ахмет бейнесі қойылым соңында әлсіреп, көрерменді алғашқы әсерден алшақтатып алды. Неге дәл мұндай күйге ауысқаны белгісіз, Сәуленің кеудесіне сұғылған пышақты суырып алып құлайтын сахнасында Ахмет бейнесі мүлдем сендірмеді. Көз қарашығындай қорып, жанындай жақсы көретін жары көз алдында өліп, жай ғана өлім емес, азапты, аяусыз өлімді көрердегі сәтті тым қарапайым, қарабайыр жеткізді. Актерге киіз үй мене қонақ үй үлгісіндегі декорацияның жиі ауысуы кері әсер етіп, босансуға әкеліп соқты деуге болады.

Ахметтің жары, байдың тұқымы, адал жар, аяулы ана рөліндегі актриса Айнұр Жетпісбаеваға

Сәулені бейнелеуде оңайға соқпағаны көрініп тұр. Аштықтан жаны қиналып, бесіктегі сәбиі Зерені емізетін сүті қалмаған ана бейнесін көрсетуі бәсең болып, керісінше Айнұр қайратты, шыдамды әйел бейнесін көрсетуге көбірек мән берген. Яғни, рөліне біржақты түсініктеме берген деуге саяды. Себебі, оның бойынан психологиялық, физикалық тұрғыдан әлсірегенін, шаршаған жас ана бейнесін емес, жарының рухани демеушісі, барлығын ой елегінен өткізіп барып әрекет ететін қайратты әйелді көрдік. Бұл қате демейміз. Тек, екі сезімді де тең дәрежеде ұстауы керек. Себебі, қойылымдағы шиеленіс те, шешуші сәт те Сәуленің әрекетіне тікелей байланысты.

Қойылым біртұтас дүние болуы үшін актерлік ансамбльдің барлығы жұдырықтай жұмылып, жүкті бірлесе көтеруі керек. Сонда ғана қойылымның кілті табылып, айтар ойы көрерменге жетіп, шығармаға жан бітеді. Ал, біз тамашалаған «Жұт» драмасында осындай бірлік жетіспеді. Өткені мен бүгінгіні бейнелейтін бар жоғы төрт адамның ортасында шығармашылық ортақ байланыс болмағандай. Өткенсіз бүгіннің, тіпті болашақтың болмайтындығын аңғартуы тиіс сәттерде керісінше кейіпкерлер күлкі туғызатын репликаларды ғана баса айтып отырды. Қойылымның бар ауыр жүгі Жанат пен Айнұрға ғана түскендей әсер қалдырды. Ал Лена мен Ерболдың ойындарынан сол заманның қасіретін беруде белгілерін байқай алмадық. Яғни, Лена - Ақмарал Танабаевадан да, Ербол - Сырым Қашқабаевтан да рөлге деген жауапкершіліктерін толық сезіне алмадық.

Сахна декорациясындағы қателіктер көзге бірден түседі. Екі кезеңдегі айырмашылықтарды көрсету үшін жасалған өткен ғасырдың киіз үйі мен қазіргі кездің қонақ үйін жасау ұтымды шешім, әрине. Бірақ, есігі ашылса жабылмай қалатын қонақ үй бөлмесі, кішкентай жасалған бөлмелер актердердің өзінің еркін көсілуіне кедергісін тигізіп жатты.

Өзгенің емес, өз ата-бабаларымызды ұлықтай алмасақ, ерліктерін дәріптеп, оларды сахнаға шығарарда аса зор жауапкершілік пен тарих алдындағы міндетімізді сезіне алмасақ, ол жолға қадам баспай-ақ қойғанымыз жөн. Себебі, дәл мұндай тағылымды дүниені сапасыз етіп шығару жас ұрпаққа зиянын тигізбесе пайдасын бере қоймайды. Сахна олпы-солпыны көтере бермейтінін қатақ ескеру керек. Спектакль барысында Ахметтің киіз үйіндегі су толы шелекті сахна сыртынан біреу қолын созып алып жатқанын не деп ақтап алуға болады? Бар көрерменнің назары сонда болды. Бір-бірлеріне қарап күлді. Дәл осындай жағдай «Қызыл орамалды Шынарымдағы» басты кейіпкер Мансұр Серіковтың ғашығымен қол ұстасып шыр көбелек айналар сәтінде «е - хей» деп

қуана дауыстап болып «десең ия» дегенін естімеген көрермен бар десе маған келіңіз. Бұл өнерге деген қаншалықты құрмет? Айналып келгенде, бұл техникалық қателік емес қой... Болашақ театртанушы ретінде мұндай сорақылықтардың қайталанбасы үшін жазғанды, ескерткенді жөн көрдік. Бұл биіктеріңізден аласарту, кемшіліктеріңізді іздеу емес, театр жайлы сөз болғанда жанын садаға етуге даяр тұрар актер қауымына сөз бен іс сәйкес келсе екен деген ұсыныс. Себебі, қазақ театрының іргетасын тұрғызып, кірпішін қалап, ішінде саф өнердің алауын жаққан біз емеспіз. Нағыз өнер жанашырларынан жалғасып келе жатқан сахналық өнерге біліп тұрып қиянат жасауға әсте болмас.

Бейбіт ӘЛКЕЕВА
Т.Жүргенов атындағы Қазақ
Ұлттық Өнер академиясы
«Театртану» мамандығы
3курс



Мен...

Әуелі Алланың пендесі,
Мұхаммед пайғамбар үмбеті.
Осыны өлсемде шығарман есімнен.
Тұранның төсінде,
Орхонның бойында күн кешкен,
Жаз жайлау, күз күзеу көшумен.
Айтатын желге сыр, пейілі көл-көсір.
Көңілін қанша мың,
Қайғы мен қуаныш кернеген,
Ешкімге адалдық бәйгесін бермеген,
Кешегі Күлтегін. Бұмындар билеген,
Күрескен жаулары күйреген.
Біреуге сатқындық жасауды білместен,
Күпірсіз күн кешкен,
Жазира далам мен асусыз асқармен тілдескен.
Астыра алшайтып ат мініп,
Кекілін келтелеп, құйрығын шарт түйген.
Ауаның жұпарын,
Бұлақтың зәм-зәмдай, мөлдірін сүйетін,
Иіген жанына ханға имес басында иетін.
Әу, бастан,
Күмәнсіз иман мен кіршіксіз ар сүйген,
Оғылан ұлдары опалы жар сүйген,
Қыздары ибалы, ұлдары ұранды,
Тұлпары тұмралы, ерлері құранды,
Қаһарлы қағанат қалдырған жүзігін,
Түркідей текті елдің,
Қайтадан жаңғырған ізімін.

МЕН...

Тектілік сарыны сақталған,
Кешегі Ғұндармен, Сактардан ту алып,
Қуанып, болашақ көшіне аттанғам.
Қазақ боп құрылып Керейін бастаған.
Жәнібек қол жиып ұланын қостаған.
Алласы әрдайым тірегі,
"Қазақ" - деп соғатын жүрегі,
"Қазақ" - деп басталған тілегі,
Қасқа жол жасаған Қасымның ұлы еді.
Есім боп Ертісті жағалап,
Ескі жол қалдырған киелі.
Жаңғыртып жарғысын бабамның,
Жаңартып заңдарын даламның,
Тәубешіл Тәуке боп қаландым.
Асқақ та адуын, айбынды,
Жауына қатал-ақ, досына қайрымды,
Арыстан жүректі Абылай тегінен таралдым.
Елімнің арланы, жерімнің тарланы,
Маркасқа Махамбет жырынан жаралдым.
Ұлтының Ұстазы,
Ұлы Абай сөзінен нәр алдым.
Жалынды жырымен рухымды оятқан,
Алладан Алаш боп қайтадан жаңардым.
Егемен ел болып, Есілге ту тігіп,
"Сарыарқа төсінде айбарлы Астана асқақтап"
Алашқа арайлап жаңадан күн шығып,
Бір тудың астына қазақ боп құралдым.
Бабамның ізімен, Нұр ағам жолымен,
Мәңгілік ел болып, қайтадан оралдым.
Иманы жүректе, күштері білекте,
Баһадүр бабамның сөнбейтін,
Шамшырақ күні боп жанармын.
Кең далам төсінде, Ұлы - Арқа төрінде.
Азат боп қаландым және де мәңгіге,
Азат боп қалармын!

Жәнібек ОРАЛЖАН

